Мотивациялық-қозғаушы күш	Жылулық шеңбері Арайлып таң атты, Алтын сәуле таратты, Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз, Қайырлы таң балалар. Тәрбиеші балаларға су көліктері туралы мәлімет беру. Кеме, қайық, желкенді қайық суреттерін көрсетіп әңгімелесу. - Тәрбиеші балаларға желкенді қайықты жасалу ретін түсіндіреді. - Жаңғақ қабығына ермексазды толтыру. - Дайын таяқша жапырақты қадап бекіту. Балаларға жұмыс барысында көмек көрсетіліп, жұмысты ұқыпты жасауы бақыланды.	Балалар жылулық шеңберіне тұрып сәлемдеседі. Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды. Қайық туралы қызыға тыңдайды. Балалар жұмысты мұғалімнің көмегімен орындайды.
Рефлексивті-түзетуші	Жұмыс аяқталғаннан кейін балалар еңбегін талдап, жетістіктерін атап, түрлі-түсті қағазбен қиып жапсыру жұмыстарын орындау ұсынылады.	

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек? Қайық туралы.

Нені игереді? Жаңғақ қабығынан желкенді қайық жасау.

Нені біледі? Алдарына мақсат қоя білуді.

Күні: 14.04.21

Білім беру саласы: Вариативтік бөлімі. «Өнерлі екен он саусақ»

Тақырыбы: «Ұшақ»

Мақсаты: Балаларды қағазды бекітудің қарапайым әдістермен таныстыруды жалғастыру. Бүктеу кезінде қарама-қарсы қабырғалары мен бұрыштарына сәйкес келуін қадағалап отыруға үйрету.

Көрнекі құралдар мен материалдар: Түрлі-түсті қағаз, желім, қайшы.

Әдіс-тәсілі: Сұрақ – жауап, әңгімелесу.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы күш	Жылулық шеңбері Арайлып таң атты, Алтын сәуле таратты, Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз, Қайырлы таң балалар. Тәрбиеші балаларға әуе көліктері жайлы наутбуктан слайд көрсетеді. Әуе көліктері жайлы толық мағлұмат беру. - Тәрбиеші балаларға ұшақ жасалу ретін түсіндіреді. Балаларға жұмыс барысында көмек көрсетіліп, жұмысты ұқыпты жасауы бақыланды. Жұмыс аяқталғаннан кейін балалар еңбегін талдап, жетістіктерін атап, түрлі-түсті қағазбен киып жапсыру жұмыстарын орындау ұсынылады.	Балалар жылулық шеңберіне тұрып сәлемдеседі. Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды. Балалар жұмысты мұғалімнің көмегімен орындайды.
Рефлексивті-түзетуші		

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек? Ұшақ туралы толық мағлұмат.

Нені игереді? Қағазды бекітудің қарапайым әдістерімен танысады.

Нені біледі? Бүктеу кезінде қарама-қарсы қабырғалары мен бұрыштарына сәйкес келуін қадағалап отырады.

Күні:21.04.21

Білім беру саласы: Вариативтік бөлімі. «Өнерлі екен он саусақ»

Ұйымдастырылған іс-әрекеті: «Өнерлі екен он саусақ»

Тақырыбы: «Табиғи материалдармен жұмыс»

Мақсаты: Балалардың өз қалаулары бойынша жұмыс жасау.

Көрнекі құралдар мен материалдар: Суреттер, табиғи материалдар, жүн, желім, қайшы.

Әдіс-тәсілі: Сұрақ –жауап, әңгімелесу.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы күш	Жылулық шеңбері Арайлып таң атты, Алтын сәуле таратты, Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз, Қайырлы таң балалар. Табиғи материалдар туралы жалпы түсінік беру. Ағаштан алынатын қағаз, қойдан алынатын жүн туралы түсініктерін қалыптастыру. Олай болса балалар біз табиғи матеиал жүннен қой жасап үйренеміз. - Тәрбиеші балаларға қойдың жасалу ретін түсіндіреді. - Қойдың бейнесін қағазға салып алу. - қойдың денесіне жүнді жапсыру. - басын, көзін қарандашпен салу. Балаларға жұмыс барысында көмек көрсетіліп, жұмысты ұқыпты жасауы бақылыанды. Жұмыс аяқталғаннан кейін балалар еңбегін талдап, жетістіктерін атап, түрлі-түсті қағазбен қиып жапсыру жұмыстарын орындау ұсынылады.	Балалар жылулық шеңберіне тұрып сәлемдеседі. Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды. Балалар жұмысты мұғалімнің көмегімен орындайды.
Рефлексивті-түзетуші		

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек? Табиғи материал туралы толық мағлұмат.

Нені игереді? Табиғи жүннен қой жасауды.

Нені біледі? Алдарына мақсат қоя білуді.

Күні:28.04.21

Білім беру саласы: Вариативтік бөлімі. «Өнерлі екен он саусақ»

Тақырыбы: «Үйрек» (Оригами)

Мақсаты: Саусақ бұлшық еттерін және баланың ой-қиялын дамыту;Қағазды әр түрлі әдіспен бүктеуге жаттықтыру.

Көрнекі құралдар мен материалдар:Үйрек суреттері,қағаз,желім ,қайшы.

Әдіс-тәсілі: Сұрақ –жауап,әңгімелесу.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы күш	Жылулық шеңбері Арайлып таң атты, Алтын сәуле таратты, Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз, Қайырлы таң балалар. Балаларға құстар туралы түсінік беру.Теледидардан құстар туралы деректі фильм көрсету.Құсардың мекен ету ортасы жайлы түсінік беру.Құстардың ішінде үйрек туралы толық мағлұмат беру. - Тәрбиеші балаларға үйректің жасалу ретін түсіндіреді. - Қағазды бүктеу арқылы үйрек жасау. Балаларға жұмыс барысында көмек көрсетіліп ,жұмысты ұқыпты жасауы бақыланды.	Балалар жылулық шеңберіне тұрып сәлемдеседі. Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды.Құстар туралы қызықты мәлімет алады. Балалар жұмысты мұғалімнің көмегімен орындайды.
Рефлексивті-түзетуші	Жұмыс аяқталғаннан кейін балалар еңбегін талдап,жетістіктерін атап , түрлі-түсті қағазбен қиып жапсыру жұмыстарын орындау ұсынылады.	

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек? Құстар туралы толық мағлұмат.

Нені игереді? Бүктеу әдісі арқылы үйрек жасау.

Нені біледі? Алдарына мақсат қоя білуді.

Күні: 05.05.21

Білім беру саласы: «Вариативтік бөлімі»

Ұйымдастырылған іс-әрекеті: «Өнерлі екен он саусақ»

Тақырыбы: «Көгершін» (Оригами)

Мақсаты: Қағазбен жұмыс істеудің әр түрлі тәсілдерін үйретуді жалғастыру; Саусақ бұлшық еттерін жетілдіру.

Көрнекі құралдар мен материалдар: Суреттер, құстардың макеті.

Әдіс-тәсілі: Сұрақ –жауап, әңгімелесу.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы күш	Жылулық шеңбері Арайлып таң атты, Алтын сәуле таратты, Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз, Қайырлы таң балалар. Балаларға құстар туралы түсінік беру. Теледидардан құстар туралы деректі фильм көрсету. Құстардың мекен ету ортасы жайлы түсінік беру. Көгершін туралы мағлұмат беру. «Ақ көгершін» әнін айту. - Тәрбиеші балаларға көгершіннің жасалу ретін түсіндіреді. - Түрлі түсті қағазды қыю арқылы көгершінің пішінін жасау. - Жасаған пішінді желімдеу. Балаларға жұмыс барысында көмек көрсетіліп, жұмысты ұқыпты жасауы бақыланды.	Балалар жылулық шеңберіне тұрып сәлемдеседі. Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды. Құстар туралы қызықты мәлімет алады. Балалар жұмысты мұғалімнің көмегімен орындайды.
Рефлексивті-түзетуші	Жұмыс аяқталғаннан кейін балалар еңбегін талдап, жетістіктерін атап, түрлі-түсті қағазбен қиып жапсыру жұмыстарын орындау ұсынылады.	

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек? Құстар туралы толық мағлұмат.

Нені игереді? Қағаздан көгершін жасау.

Нені біледі? Алдарына мақсат қоя білуді.

Күні: 12.05.21

Білім беру саласы: «Вариативтік бөлімі»

Ұйымдастырылған іс-әрекеті: «Өнерлі екен он саусақ»

Тақырыбы: «Мимоза тармақшалары»

Мақсаты: Дөңгелек түрдегі заттарды қия білуге, бөліктерден құрастыра білуге үйрету. Саусақтарының бұлшық еттерін жетілдіру.

Көрнекі құралдар мен материалдар: Суреттер, дөңгелек заттар.

Әдіс-тәсілі: Сұрақ –жауап, әңгімелесу.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы күш	Жылулық шеңбері Арайлып таң атты, Алтын сәуле таратты, Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз, Қайырлы таң балалар.	Балалар жылулық шеңберіне тұрып сәлемдеседі.
	Тәрбиеші балаларға түрлі гүлдердің суреттерін көрсетеді. Гүлдердің қасиеттері, қайда өсетіні жайлы мағлұмат беру. Мимоза гүлімен танысу.	Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды.
	- Тәрбиеші балаларға мимозаның таяқшаларының жасалу ретін түсіндіреді. - Дөңгелек түрдегі заттарды қия білу.	Балалар жұмысты мұғалімнің көмегімен орындайды.
	Балаларға жұмыс барысында көмек көрсетіліп, жұмысты ұқыпты жасауы бақыланды.	
Рефлексивті-түзетуші	Жұмыс аяқталғаннан кейін балалар еңбегін талдап, жетістіктерін атап, түрлі-түсті қағазбен қиып жапсыру жұмыстарын орындау ұсынылады.	

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек? Гүлдер туралы толық мағлұмат.

Нені игереді? Мимоза таяқшаларын жасауды.

Нені біледі? Алдарына мақсат қоя білуді.

Күні: 19.05.21

Білім беру саласы: «Вариативтік бөлімі»

Ұйымдастырылған іс-әрекеті: «Өнерлі екен он саусақ»

Тақырыбы: «Кеме» (Оригами)

Мақсаты: Балаларды қағаздан бұйымдар жасауға үйретуді жаластыру. Қағазды бүктеу, жазу арқылы саусақтарды әр түрлі ұсақ қимылдарды жасауға үйрету. Балалардың байқағыштығын, зейінін дамыту.

Көрнекі құралдар мен материалдар: Суреттер, қағаз, желім, қайшы.

Әдіс-тәсілі: Сұрақ –жауап, әңгімелесу.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы күш	Жылулық шеңбері Арайлып таң атты, Алтын сәуле таратты, Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз, Қайырлы таң балалар.	Балалар жылулық шеңберіне тұрып сәлемдеседі.
Рефлексивті-түзетуші	Тәрбиеші балаларға кеме түрлерін слайд арқылы көрсету. Су көліктері жайлы толық мәлімет беру.	Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды.
	- Тәрбиеші балаларға кемеңіздің жасалу ретін түсіндіреді.	Балалар жұмысты мұғалімнің көмегімен орындайды.
	Балаларға жұмыс барысында көмек көрсетіліп, жұмысты ұқыпты жасауы бақыланды.	
	Жұмыс аяқталғаннан кейін балалар еңбегін талдап, жетістіктерін атап, түрлі-түсті қағазбен қиып жапсыру жұмыстарын орындау ұсынылады.	

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек? Кеме туралы толық мағлұмат.

Нені игереді? Саусақтарды ұсақ қимылдарды жасауға үйрету.

Нені біледі? Алдарына мақсат қоя біледі.

Күні: 26.05.21

Білім беру саласы: «Вариативтік бөлімі»

Ұйымдастырылған іс-әрекеті: «Өнерлі екен он саусақ»

Тақырыбы: «Шығармашылық көрме ұйымдастыру»

Мақсаты: Балалардың жыл бойы жасаған жұмыстарынан көрме ұйымдастыру.

Көрнекі құралдар мен материалдар: Суреттер, жасаған жұмыстар.

Әдіс-тәсілі: Сұрақ –жауап, әңгімелесу.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы күш	Жылулық шеңбері Арайлып таң атты, Алтын сәуле таратты, Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз, Қайырлы таң балалар.	Балалар жылулық шеңберіне тұрып сәлемдеседі.
Рефлексивті-түзетуші	Балалар біз жыл бойғы жасаған жұмыстарымыздан көрме жасадық. Жануарлар ит жасадық. Қысқы көрініс аққала, жаңа жылдық безендіру. Құстардың көптеген түрлері үйрек, көгершін, пингвин жасауды үйрендік. Досымызға арнап альбом жасадық. Мамаларымызға арнап ине қадағыш жасадық. - Балалар, жасаған жұмыстарын өте керемет біз жыл бойы көптеген заттарды жасауды үйрендік. - Ата-аналарымызға да ұнады.	Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды.

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек? Өздері жасаған жұмыстарын көрмеге қою.

Нені игереді? Өз-өздерін мадақтауды.

Нені біледі? Алдарына мақсат қоя білуді.

Бекітемін:
«Ақмарал» бөбекжай балабақшасы
меңгерушісі:  А.Жаштаева



4-5 жастағы балаларға арналған

«Тапқыштар»

(Вариативтік компонент)

«Балдырған» тобы тәрбиешісі: Н.Алзатова

К.Сүндетова

2020/21 оқу жылы

Кіріспе

Мектеп жасына дейінгі балалардың математикалық түсініктерін дамытуда дидактикалық ойындарды қолдану өте маңызды. Себебі, 5жастағы балалар ойын ойнау барысында өздерін еркін сезінеді, берілген тапсырманы тез қабылдайды, зейін қойып, оны орындауға асығады.

Ұсынылып отырған «Тапқыштар» вариативтік бөлік бағдарламасы балалардың бойына математикалық білімге деген қызығушылықты сіңіру және білімді өздігінен меңгеруге талпынуды дамыту мақсатында құрылған. Сонымен бірге базалық міндетті бөлімде баланың алған білімін одан әрі тереңдетіп, жетік меңгеруіне жағдай жасайды. Сиқырлы пішіндер мен сандар әлемі арқылы бүлдіршіндер әр түрлі заттарды санауды үйренеді және жаттығады. Соның нәтижесінде «Қанша?» «Нешінші?» сұрақтарына жауап беріп, санау қажеттігін игереді.

Ойын түрінде берілген математикалық тапсырмаларды орындау нәтижесінде балалар заттардың екі тобын салыстыруды, артық, кемді анықтауды үйренеді. Оқу жылы барысында берілген білім «Математикалық эстафета» бөліміндегі тапсырмалар бойынша тексеріліп, қорытындыланады.

«Тапқыштар» вариативтік бөлік бағдарламасында берілген тапсырмалар балалардың математикалық түсініктер мен ұғымдарды жеңіл игеруіне ықпал етеді деп ойлаймыз.

Мақсаты:

Қарапайым математикалық түсініктер бойынша алған білімдерін жетілдіру

Міндеттері:

- *Заттардың әр-түрлі топтарын санау, оның саны мен сапасын анықтау дағдысын жетілдіру;*
- *Кеңістікті, уақытты қағаз бетінде бағдарлау дағдыларын жетілдіру;*
- *Геометриялық пішіндер мен денелер, өлшемдер туралы түсініктерін кеңейту;*
- *Қызықты тапсырмалар арқылы алған білімдерін қайталау, бекіту;*
- *Алған білімдері мен іскерліктерін күнделікті өмірде қолдану.*

Мазмұны:

- *Түс және пішін*
- *Бүтін және бөлік*
- *Геометриялық фигуралармен танысу*
- *Қарапайым мысалдар мен тапсырмаларды орындауға жаттықтыру*

«Тапқыштар» вариативтік бөлім.

№	тақырыбы	Мақсаты	Күні
1	Сурет бойынша сызықтарды қосу	Балалардың көз зердесін қалыптастыру	03.09.2020
2	Түс және пішін	Түсті және заттардың пішінін ажырата білу	10.09.2020
3	Суретпен жұмыс. Заттардың бағытын, орнын ауыстыру	Заттардың кеңістікте орналасуы жайында түсінік беру	17.09.2020
4	Заттарды санау. Тура және кері санау	Заттарды санау, әр түрлі белгілеріне қарай салыстыру	24.09.2020
5	Заттарды санау. Тура және кері санау	Заттарды санау, әр түрлі белгілеріне қарай салыстыру	01.10.2020

6	«Біз нешеміз» санамақ	Санауға үйрету, есте сақтау қабілетін дамыту Жылдам санау дағдыларын ұштау	08.10.2020
7	Геометриялық фигуралардың қасиеттері	Геометриялық фигуралардың өзіндік ерекшеліктерімен таныстыра отырып, ұқсастығы мен айырмашылығын табу.	15.10.2020
8	Заттарды санау. Тура және кері санау.	Заттарды санау, әр түрлі белгілеріне қарай салыстыру.	22.10.2020
9	1, 2 саны және цифрмен таныстыру.	1 және 2 сандарымен және цифрларымен таныстыру, 2 санын жұпты мөлшерлік сипаттамасы ретінде енгізу, «сан» және «цифр» терминдерін қолдану. Заттардың санау білігін, сандардың атауларын, кезектілігін мен	29.10.2020

		<i>жазылуын білуін бекіту,логикалық ойлау мен жадты дамыту.</i>	
10	<i>5саны және цифры</i>	<i>5сан және цифрымен таныстыру, цифрды заттардың санымен сәйкестендіруді үйрету,заттарды санау дағдысын жетілдіру 5, цифрын дұрыс тану мен бейнелеуге үйрету,зейін мен логикалық ойлауды дамыту.</i>	05.11.2020
11	<i>«Кеңістіктіктегі заттарды орналастыру».</i>	<i>Балаларға кеңістіктегі заттарды орналастыру туралы мағұлмат беру. Заттардың орнын ажырата білуге дағдыландыру Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу</i>	12.11.2020
12	<i>«Артық затты анықта»</i>	<i>Жұмысты тиянақты орындай білуге үйрету. Өз жасаған жұмысын бағалау алуға тәрбиелеу. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.</i>	19.11.2020
13	<i>Ауыр. Жеңіл</i>	<i>«жеңіл – ауыр» сөздерін пайдалану арқылы салыстыруға үйрету; заттарды қолға алып, салмағы бойынша салыстыруға және өлшемі бойынша салмағын анықтауға үйрету;</i>	26.11.2020
14	<i>Заттардың өлшемі бойынша салыстыру.</i>	<i>балаларды заттардың көлемін анықтауға және заттардың көлемі бойынша салыстыру. Үлкен,кішкентай,үлкенірек,кішірек ,жоғары, үйрету.тілдік дағдыларын талдау білігін дамыту.</i>	03.12.2020
15	<i>Ұзындық,шартты,өлшеуішті, пайдаланып,заттардың,ұзындығына,қарай, салыстыру.</i>	<i>ұзындық-заттардың созылығы болу қасиетін туралы ұғым қалыптастыру.бір-бірінің үстіне қою,жанастыру арқылы және шартты өлшемінің көмегімен заттардың ұзындығын өлшеумен салыстыруды үйрету.</i>	10.12.2020

16	<i>Шар, текше, цилиндр.</i>	<i>Көлемді геометриялық фигуралармен таныстыру. текше шар цилиндр, оларды тануды үйрету кеңістіктік ұғымдарды санау дағдыларын дамыту.</i>	24.12.2020
17	<i>Үсті-асты, ішінде-сыртында, алдында артында оң, жақ-сол жақ.</i>	<i>Балаларды кеңістіктік қарым-қатынастарды орнатуға үйрету, жоғарыт төмен, оң жақ сол жақ жоғары-төмен ортасында, арасында, қағаз бағдарлау. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту.</i>	31.12.2020
18	<i>3 цифры және 4 саны мен цифры.</i>	<i>3 және 4 сандарымен, 3 және 4 цифрларымен таныстыру, цифр мен заттар саны сәйкестендіру үйрету, заттарды санау дағдыларын жетілдіру. 3 және 4 цифрларын дұрыс тану мен бейнелеуді үйрету, зейін мен логикалық ойлауды дамыту</i>	14.01.2021
19	<i>Пішіндер сыры</i>	<i>Геометриялық пішіндерді ажырата отырып, логикалық ойлау қабілетін дамыту, қызықты тапсырмаларға деген қызығушылықтарын арттыру</i>	21.01.2021
20	<i>Қағаз бетінде бағдарлау.</i>	<i>Қағаз бетінде бағдарлау, жоғары төмен ортасы, оң жақ, сол жақ. балаларды кеңістікті қарым-қатынастарды орнатуға үйрету. жоғары – төмен оң жақ сол жақ ортасында арасында. Есте сақтау, назар аудару дағдыларын дамыту.</i>	28.01.2021
21	<i>Не қайда орналасқан?</i>	<i>Заттарды орындары бойынша салыстыра отырып, табуға үйрету. Оң жақта-сол жақта ұғымдарын пысықтау</i>	04.02.2021

22	<i>Уақыт арқылы бағдарлау</i>	<i>Тәулік мезгілдерімен таныстыру. Бүгін, ертең, бүрсігүні, кеше, арғы күні ұғымдарымен таныстыру.</i>	<i>11.02.2021</i>
23	<i>Бүтін және бөлек</i>	<i>«бүтін және бөлік»терминдерін енгізу, бөліктерде бүтінді құрастыруға және бүтінді бөліктерге бөлуге үйрету.</i>	<i>18.02.2021</i>
24	<i>Жүзден жүйрік»</i>	<i>сандар туралы өткенді пысықтау, ойындар арқылы ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, үлкен-кіші ұғымдарын бекіту. логикалық тапсырмаларды шешу арқылы ойлау қабілеттерін, зиянын тұрақтандыру.</i>	<i>25.02.2021</i>
25	<i>Бос орынға тиісімі суреттерді қой</i>	<i>Зейінін, еске сақтау, байқағыштық, қиялдау, танымдық іс-әрекеттерімен өздігінен білім алуға, ізденуге бейімдеу.</i>	<i>04.03.2021</i>
26	<i>Логиктарға тапсырма</i>	<i>Балалардың логикалық тапсырмалар арқылы білімін бекітіп, сезімталдық , есте сақтау қабілеттерін дамыту, ойыншықтардың түр-түсін, пішінін, сипаттап айтып бере білуге дағдыландыру.</i>	<i>11.03.2021</i>
27	<i>Оң мен солды ажырату</i>	<i>Жұмысты тиянақты орындай білуге үйрету. Өз жасаған жұмысын бағалау алуға тәрбиелеу. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.</i>	<i>18.03.2021</i>
28	<i>Не неге ұқсайды.</i>	<i>Геометриялық денелердің аттауларымен таныстыру заттардың белгілері. қоршаған орта заттарының нысаны туралы ұғымын қалыптастыру.</i>	<i>25.03.2021</i>
29	<i>Бауырсақтың тапсырмалары</i>	<i>сандар , пішіндер туралы білімдерін пысықтау. Ойын, зейінін дамыту.</i>	<i>01.04.2021</i>
30	<i>Бауырсақтың тапсырмалары</i>	<i>сандар , пішіндер туралы білімдерін пысықтау. Ойын, зейінін дамыту.</i>	<i>08.04.2021</i>

31	<i>Сыр сандық</i>	<i>Балаларға әртүрлі тапсырмаларды орындай білуге үйрету. Балалардың қызығушылықтарын, есте сақтау қабілеттерін, логикалық аттыру. Әрбір берілген тапсырмаларды тиянақты орындай білуге үйрету</i>	15.04.2021
32	<i>Заттардың қасиеті</i>	<i>Заттардың жеке қасиеттерін анықтау. Неден жасалғаны, түсі, пішіні, көлемі туралы түсінік беру.</i>	22.04.2021
33	<i>Пішіндер неге ұқсайды?</i>	<i>қоршаған орта заттарының нысаны туралы ұғым қалыптастыру. Қоршаған ортадан геометриялық пішіндегі заттарды табуға, салыстыруға үйрету</i>	29.04.2021
34	<i>Сиқырлы таяқшалар</i>	<i>Балалардың ойлау қабілеттерін, есте сақтау жетілдіру. Ой-өрісін дамыту. Достарына жұмыс уақытында көмек ете білуге тәрбиелеу</i>	06.05.2021
35	<i>Мозайка құрастыру</i>	<i>Балалардың ойлау қабілеттерін, есте сақтау жетілдіру. ой-өрісін дамыту.</i>	13.05.2021
36	<i>Қайсысы көп, қайсысы аз?</i>	<i>Заттарды санына қарай салыстыру арқылы көп-аз, сонша ұғымдарымен таныстыру. Теңестірудің екі жолын практикалық жолмен меңгерту.</i>	20.05.2021
37	<i>Жыл мезгілдері.</i>	<i>Айлардың атауларымен және олардың реттілігімен таныстыру. жыл мезгілдерімен айлардың атауларын рет-ретімен атауға үйрету. зейінді, жадты, сөйлеу дағдысын дамыту.</i>	27.05.2021

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. А.Б.Ақпаева, Л.А.Лебедева. Қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру. Алматы кітап баспасы. 2012 жыл
2. Ұ.Жұмаділдаева. Сандарға саяхат. Алматы 1997 жыл
3. . Б.М.Қосанов. Математикадан дидактикалық ойындар және қызықты жаттығулар. Алматы 1998 жыл
4. «Ойнайық та ойлайық». Алматы 1996 жыл

1. Тапқыштар (B)

Күні: 03.09.20

Тақырыбы: Сурет бойынша сызықтарды қосу

Мақсаты: Балалардың көз зердесін қалыптастыру

Оқу қызметінің барысы:

Шаттық шеңбер

Ұйымдастыру кезеңі.

- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?

Күзденеше айы бар?

Қалай аталады?

Қазір қай айы?

Ол нешінші ай?

Біраптаданешекүн бар?

Кім шапшаң.

0-ден 5-ге дейінгі сандар шашылып жатады. Сандарды рет – ретімен, қай саннан кейін қай сан тұратынын айтады. .(0, 1, 2, 3, 4, 5.)

Логикалық есептер.

1. Айгүлде үш мысық, Айнұрда екі мысық Қосқанда барлығын Болады неше мысық?

2. Жүзіп жүр 4 аққу

Ұшып жүр 1 аққу

Қосқанда екеуін

Болады қанша аққу?

3. Алма ағашта 5 алма

Қандай тәтті жесе алма

Бесеуінде жеп қойсам

Қалады онда неше алма?

Сергіту сәті:

Сырға-сырға сырғалар, құлағымда ырғалар

Оң қолымда білезік, сол қолымда білезік.

Саусақтарда сақина, санап көрші қанеки?

Бір-екі-үш, бір-екі-үш, демалайық жинап күш.

Топқа бөлу

Түстер арқылы.

Екі топқа тапсырма.

Ойын: «Аңдарды құрастыр» Геометриялық пішіндермен аңдар құрастыру. Қай топ тез, дұрыс құрастырса соған жұлдызша беріледі.

Дәптермен жұмыс

Сурет бойынша сызықтарды қосу

Мақсаты. Ұқсас заттарды сызықпен қосады.

Қорытынды.

Жұлдызша тарату арқылы мадақтау.

2. Тапқыштар (B)

Күні:10.09.20

Тақырыбы:Түс және пішін

Мақсаты :Түсті және заттардың пішінін ажырата білу

Оқу қызметінің барысы:

Ұйымдастыру кезеңі.

Балалармен амандасу.

Шаттық шеңбері.

Сәлемдеймінкүнге мен,

Сәлемдеймін мен саған,

Сәлемдеймізапайға,

Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

Суретпен жұмыс.

Балаларды тақтаға назар аудару.

Не көріп

тұрсыңдар? (Күз мезгілі)

- Ал тағы нені көріп отырсыңдар? (пішіндер,түстер)

Түстерді қайталау.

Дидактикалық ойын:

«Дәл осындай пішінді тап»

Балалар сендер пішіндерден не құрастыруға болатынын білесіңдер ме?

Балалардың жауаптарын.

Дидактикалық ойын: Геометриялық пішінге ұқсас заттарды білесіңдер ме?

Біздің тобымыздың ішінде шеңберге ұқсас қандай заттар бар?

Ал үшбұрышқа ұқсас қандай заттар ба?

Неге оны үшбұрыш деп атаймыз?

Балалардың жауаптарын.

Сергіту сәті.

Кәне серігіп ойнайық:

Алма, алма, көп алма

Қызыл жасыл, сары алма.

Теріп, теріп алайық,

Қалтамызға салайық.

Топтық жұмыс.


алдарыңда жатқан

тапсырмалармен таныстыру.

Ненің суретің

көріп тұрсындар?

Түстеріне,пішініне қарай сызықпен қос.



Қорытынды.

Сұрақ жауап арқылы қорытындылау.

Балаларды мадақтау.

Еркін ойын. Пішіндерден әр түрлі заттар құрастырады.



3. Тапқыштар (B)

Күні:17.09.20

Тақырыбы: Суретпен жұмыс. Заттардың бағытын, орнын ауыстыру

Мақсаты: Заттардың кеңістікте орналасуы жайында түсінік беру

Оқу қызметінің барысы:

Шаттық шеңбер

Ұйымдастыру.

Амандасу.

Қызығушылықтарын ояту.

Тосын сәт.

Қызыл телпек келеді.

Сәлеметсіздерме балалар! Мен Қызыл телпекпін. Мені анам әжеме жіберіп еді, тәтті бәліштер алып бар деп.. Ал мен болсам орманның ішіне кіріп күзгі табиғатты тамашалап, әдемі жапырақтар жинап жүріп адасып кеттім сол жүргенде алдымнан қасқырды жолықтырдым.

-Қасқыр болса математикадан есептерін шеше алмай отыр екен.

-Тапсырмаларымды орындап алып келмесең әжеңнің үйіне жібермеймін дейді. Мен әжемді қатты сағындым. Барғым келіп тұр -Сіздер маған көмек бересіздер ме?

Балалардың жауаптары

Қасқырдың тапсырмасын орындау

1-тапсырма.

Дидактикалық ойын:


«не қайда тұрады?»

Топтағы заттардың қайда тұрғандарын айтады.

2-тапсырма

Суретпен жұмыс

Нешінші тұр?



Балаларды мадақтау.

3-тапсырма

Сәулеге себетке жемістерді жинауға көмектесіңдер.



Сергіту сәті.

Оңға бір қадам,

Солға бір қадам

Алға бір қадам,

Артқа бір қадам

Айналып билейміз.

Айналып билейміз.

4-тапсырма

Логикалық сұрақтар

.Ағашта 5құс отыр, оның 2-уі ұшып кетті, ағашта қанша құс қалды?

Себетте 2 алма , табақта 3 алма қосқанда барлығы болады неше алма

Қызыл телпек қуанып рахмет айтып қоштасады.

Сұрақ жауап арқылы қорытындылау.

-кім қонаққа келді?

-қандай тапсырмалар орындадық?

Балаларды мадақтау.

4. Тапқыштар(В)

Күні:24.09.20

Тақырыбы :Заттарды санау. Тура және кері санау

Мақсаты:Заттарды санау,әр түрлі белгілеріне қарай салыстыру

Оқу қызметінің барысы:

1.Ұйымдастыру:

Шаттық шеңбері

Біз әдепті баламыз

Алдыменен қонақпен

Амандасып аламыз.

Сәлем!- дейік үлкенге

Қызығушылықтарын ояту.

4 түсті шарды көрсету.

Бұл шарлар төрт мезгілді белдіреді.

әр шарды көрсетіп жыл мезгілдерін сұрау.

Балаларды мадақтау

Сиқырлы шарлардың ішіндегі тапсырмаларды орындау.

1 – тапсырма: 1 - ден 5 - кедейінсандарбойыншаретіменсанау. Екітілдесанау.

5 - тен 1 - гедейінкерісанау

2 – тапсырма: Логикалықесептер

- Дүкенненанам 2 доптыалыпкелді, оныңбіреуінінімебердім. менденешедопқалды?

3 - тапсырма: «Заттар қандай пішінге ұқсайды?» дидактикалық ойын.

Сергіту сәті

Мұнда бері қараңыз

Біз де санай аламыз

«1, 2, 3» дегенде

Түзу тұра қаламыз

«4, 5» дегенде

Алға қадам басамыз

4-тапсырма. Үлестірме материалдармен жұмыс

Түрлі - түсті пішіндерден заттар құрастыру.

Қорытынды

Балаларды мадақтау.

5. Тапқыштар(В)

Күні:01.10.20

Тақырыбы :Заттарды санау. Тура және кері санау

Мақсаты:Заттарды санау,әр түрлі белгілеріне қарай салыстыру

Оқу қызметінің барысы:

1.Ұйымдастыру:

Шаттық шеңбері

Біз әдепті баламыз

Алдыменен қонақпен

Амандасып аламыз.

Сәлем!- дейік үлкенге

Қызығушылықтарын ояту.

4 түсті шарды көрсету.

Бұл шарлар төрт мезгілді белдіреді.

әр шарды көрсетіп жыл мезгілдерін сұрау.

Балаларды мадақтау

Сиқырлы шарлардың ішіндегі тапсырмаларды орындау.

1 – тапсырма: 1 - ден 5 - кедейінсандарбойыншаретіменсанау. Екітілдесанау.

5 - тен 1 - гедейінкерісанау

2 – тапсырма: Логикалықсесептер

- Дүкенненанам 2 доптыалыпкелді, оныңбіреуінінімебердім. менденешедопқалды?

3 - тапсырма: «Заттар қандай пішінге ұқсайды?» дидактикалық ойын.

Сергіту сәті

Мұнда бері қараңыз

Біз де санай аламыз

«1, 2, 3» дегенде

Түзу тұра қаламыз

«4, 5» дегенде

Алға қадам басамыз

4-тапсырма. Үлестірме материалдармен жұмыс

Түрлі - түсті пішіндерден заттар құрастыру.

Қорытынды

Балаларды мадақтау.

6. Тапқыштар (B)

Күні:08.10.20

Тақырыбы:«Біз нешеуіміз» санамақ

Мақсаты. Санауға үйрету, есте сақтау қабілетін дамыту Жылдам санау дағдыларын ұштау

Оқу қызметінің барысы.

Ұйымдастыру.

Бір жылда неше мезгіл бар?

- Қазір жылдың қай мезгілі?

- Күз мезгілінде неше ай бар, қандай?

- Қазір қай ай?

Бір аптада неше күн бар?

- Апта туралы қандай тақпақ білесіңдер?

Бір аптада жеті күн бар?

Кәусар:

Дүйсенбіде доп ойнадық далада,

Сейсенбіде серуен құрдық қалада.

Сәрсенбәде сурет салдым сәндетіп,

Бейсенбіде би биледім әндетіп,

Жұма күні жидек тердім ағаштан.

Сенбі күні кино көрдім клубтан,

Жексенбіде үйде болдым дем алдым.

Осылайша өте шықты бір апта.

Балаларды мадақтау.

Қызығушылықтарын ояту.

- Балалар, бүгін біз «Ғажайып математика әлеміне» саяхатқа барамыз.

Ой қозғау

Немен барамыз?

Математика пәнішәлігіна сифырлы кілемге отырып барамыз. Кілемшеге отырғаннан кейін көздеріңді жұмып, 1-ден 5-ке дейін санайсыңдар.

Тосын сәт.

Тоты құс: тұмсығында хаты бар

Қорапта сифырлы кубиктер бар, онда тапсырмалар бар,маған көмектесе алсыңдар ма?

Балалардың жауаптары.

Кәне тапсырмаларды ашып көрейік.

1-тапсырма: үлкен-кіші, биік-аласа ұғымдары

- Мына не?

- Мынау қандай доп?

- Мынау қандай доп?

- Қайсысы үлкен? Қайсысы кішкентай?

- Ал, балалар, келесі суретке қарайық. Мынау не? Таспа

- Мынау -сары таспа.

- Мынау-қызыл таспа.

- Қызыл таспа үлкен бе, сары таспа үлкен бе?

- Сары таспа қандай?

- Ағаш биік пе?

- Шырша биік пе?

балаларды мадақтау.

2-тапсырма: кеңістікті бағдарлау. Оң-сол, алыс-жақын.

Балалардан өздерінің оң жағында кім отырғанын, сол жағында кім отырғанын сұраймын.

- Балалар, тамақты қай қолмен ішеміз?

Балаларды мадақтау

3-тапсырма: «Сөйлемді аяқта» ойыны

-Таңғы асты таңартең, ал кешкі асты. ішеміз(кешке)

-Түнде ұйықтаймы, ал.жәттығу жасаймыз (таңартең)

- Күндіз күн шығады, ал Ай .(түнде)

- Кешкі асты кеште, түскі асты. ішеміз(күндіз) Балаларды мадақтау

Сергіту сәті «Аңқайма, қайтала»

Қане, достым аңқайма,

Менен кейін қайтала.

Бір-тұрамыз, созыламыз,

Екі-еңкейіп, керілеміз,

Үш-шапалақ соғамыз,

Басымызды шайқаймыз,

Төрт дегенде қол көтеріп,

Бес дегенде қол бұлғаймыз.

Ентігімізді басамыз және орынымызға отырамыз.

4-тапсырма: Санамақ

1. Бір үйде біз нешеуіміз?

Кел санайық екеуіміз.

Бас бармақ-әкем,

Балалы үйрек –анам

Ортан терек-әпкем,

Шылдыр шүмек-ағам,

Кішкене бөбек-мен

Бір үйде біз нешеуіміз?

Бір үйде біз бесеуіміз.

балалармен қайталау.

5.Логикалық сұрақтар:

1. Аспанда қанша жұлдыз бар?

2. Сиырда қанша мүйіз бар?

3. Машинада қанша дөңгелек бар?

4. Жылқының қанша құйрығы бар?

5. Адамда қанша қол бар?

Тоты құс: Балалар қораптағы кубиктердегі 5 - тапсырманы түгел орындадыңдар, сендермен болған маған ұнады, сендер білімді, алғыр екенсіңдер, сендерге сыйлығым бар. сыйлығын беріп қоштасу.

Балабақшаға оралу.

Қорытынды.

- Балалар, «Ғажайып математика» әлеміне саяхатымыз ұнады ма?

- Қандай тапсырманы орындадыңдар?

Балаларды мадақтау.

Тапқыштар(В)

Күні:15.10.20

Тақырыбы:Геометриялық фигуралардың қасиеттері

Мақсаты:Геометриялық фигуралардың өзіндік ерекшеліктерімен таныстыра отырып, ұқсастығы мен айырмашылығын табу.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.

Ұйымдастыру.

Балалармен амандасу

Жыл мезгілін, ай атын, апта күндерін сұраймын.

Шаттық шеңбер.

Алақанды ашамыз,

Күннің нұрын саламыз.

Таза ауаны жұтамыз,

Жүректегі жылуды,

Бір - бірімізге сыйлаймыз.

Қызығушылытарын ояту.

Білмеспек үйіне шақырып жатр.

Білмеспектің үйіне бару үшін бізге бірнеше кедергілер кездеседі. Соларды орындау керек.

1-тапсырма

Тақтада геометриялық пішіндерді суреттері ілінеді.

-Геометриялық пішінді кім жылдам айтып береді?

Олардың айырмашылығы неде?

2-тапсырма

«Пішіндерді бояу» дидактикалық ойыны:

Мақсаты: Түстерді тани білуге үйрету. Балалардың міндеті сол тақтадағы түстеріне қарап алдарындағы пішіндерді сондай түспен бояйды.

3-тапсырма

Суретпен жұмыс

Ағаштанешеалма бар? Жерденешеалмажатыр?

Қайжердегіалмакөп?

4-тапсырма

Сергіту сәті.

Жаттығу жасаймыз!

Бір деп - тік тұрамыз.

Екі деп - екі рет айналамыз.

Үш деп - үш рет секіріп. Төрт дегенде - отырамыз!

Қорытынды

Балаларды мадақтау

Тапқыштар (B)

Күні: 22.10.20

Тақырыбы: Заттарды санау. Тура және кері санау.

Мақсаты. Заттарды санау, әр түрлі белгілеріне қарай салыстыру.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы

Психологиялық дайындық

Біз балдырған баламыз,

Құстай қанат қағамыз.

Дүниені аралап,

Оқып білім аламыз.

Жыл мезгілін, апта күнін сұрау.

Қызығушылықтарын ояту.

Қуыршақ Сәуле келеді.

Балаларға тапсырма алып келеді.

1-тапсырман

Балалар сендер нешеге дейін санай аласыңдар?

Қане санайықшы.

Балаларды мадақтау.

2-тапсырма. «Заттар қандай пішінге ұқсайды?

3-тапсырма Үлестірмелі материалдар қояндар мен аюлар (салыстыру)

Сергіту сәті

Мұнда бері қараңыз

Біз де санай аламыз

«1, 2, 3» дегенде

Түзу тұра қаламыз

«4, 5» дегенде

Алға қадам басамыз

4-тапсырма Таяқшалардан үй құрастыру.

Қорытынды.

Сәуле қуыршақ балаларды мадақтап жұлдызша таратады.

Балаларды мадақтау.

Тапқыштар (B)

Күні: 29.10.20

Тақырыбы: 1, 2 саны және цифрымен таныстыру.

Мақсаты: 1 және 2 сандарымен және цифрларымен таныстыру, 2 санын жұпты мәлішерлік сипаттамасы ретінде енгізу, «сан» және «цифр» терминдерін қолдану. Заттардың санау білігін, сандардың атауларын, кезектілігін мен жазылуын білуін бекіту, логикалық ойлау мен жадты дамыту.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.

Шаттық шеңбер

Ой дамыту.

Маған столдың үстінен сол бір санының цифрын кім тауып көрсетеді?

1 санын көрсетеді.

Суретпен жұмыс.

Тақтаға бір алманың суретін ілуі).

- Тақтада қанша алма бар?

(Осыдан кейін тағы бір алманың суретін алып, бір алманы қосу)

- Енді қанша алма болды?

«Екі» деген сөзге балалардың көңілін аудару.

2 саны цифры бойынша түсінік беру.

(Екі саны екі бірліктен тұратынын балаларға айтып түсіндіру.)

Екі санына байланысты өлең шумақтарын оқып беру

2 цифры:

Бірден кейін тұрамын

Бірден кейін тұрғаным.

Бірді бірге қосқанда,

Мен шығамын, шырағым.

Үлестірмелі материалдармен жұмыс.

- Бірінші жолақшаға бір үйректің суретін қойыңдар, екінші жолақшаға бір тауықтың суретін қойыңдар. Үйрек пен тауық қанша болды? Екеуі тең бе?

Қайсысы көп?

Балаларды мадақтау.

- Балалар, бірінші жолақшадағы 2 үйректің қасына 2 санының цифрын, екінші жолақшадағы 1 тауықтың қасына 2 санының цифрын қойыңдар.

- Екеуі тең болу үшін не істейміз?

- Бірінші жолақшаға тағы бір тауық қоямыз

- Үйрек қанша? Тауық қанша?

Балалардың тапсырманы қалай орындағанын бақылау.

Сергіту сәті

1 дегенде тұрайық,

2, 3, 4 – алақанды соғайық, Оң жаққа бұрылып,

Сол жаққа бұрылып,

Бір отырып, бір тұрып,

Біз жүгіріп алайық.

5 дегенде асықпай, Орнымызды табайық.

Балалар енді мына 2 кітапты салыстырайық. Кітаптарды қатар қойып, салыстырады.
(үлкен кітап, кішкентай кітап)

- Қандай айырмашылығы бар?

- Үлкен кітап қандай?

- Кішкентай кітап қандай?

- Қалың – жұқа екен.

- Ал биіктіктері қандай?

Балаларды мадақтау.

Дидактикалық ойын: «Геометриялық пішіндерді ата.»

Қорытынды.

Кері байланыс

Қандай сандармен таныстық?

Көп сандардың ішінен 2 цифрын табу

Балаларды мадақтау.

Тапқыштар (в)

Күні:05.11.20

Тақырыбы: 5 саны және цифры

Мақсаты: 5 сан және цифрымен таныстыру, цифрды заттардың санымен сәйкестендіруді үйрету, заттарды санау дағдысын жетілдіру 5, цифрын дұрыс тану мен бейнелеуге үйрету, зейін мен логикалық ойлауды дамыту.

Оқу қызметінің барысы.

Ұйымдастыру кезеңі.

Психологиялық сәт:

Гүл шоғы » -Сәлеметсіздер ме, балалар! -Көңіл күйіміз қандай? -Ендеше, осындай көтеріңкі көңіл-күймен менің қолымдағы әдемі гүлді «бүгінгі күніміз сәтті өтсін» деп сендерге ұсынбақшымын. Ал, сендер бір-бірлеріңе жылы тілектерінді арнай отырып, достарыңа ұсыныңдар.

Қызығушылықтарын ояту.

Ғажайып сәт:

Ой қозғау.

Қане балалар тыныш бізге біреу қонаққа келген сияқты есікті қағып жатыр, бұл кім болды екен? ой бұл хат тасушы ағай зой. Кімнен хат келді екен бізге? Балалар хат жазып жіберген Қызыл телпек екен. Ол балабақшаға келем деп орманда адасып кетіпті . Қызыл телпек бізден көмек сұрап жатыр екен, ол балабақшаға қатты барғысы келеді екен . Бала бақшаға келем деп адасып кетіпті. Оның балабақшаға адаспай келуі үшін 5 тапсырманы орындау керек екен. Сол үшін бізден көмек сұрап жатыр екен. Көмектесеміз бе? Иә. Қызыл телпектің біздің бала бақшаға келгенін қалайсыңдарма? Иә Олай болса біз мына тапсырмаларды орындайық.

1-тапсырма: 1-ден 4-ке дейін тура және кері санау

2-тапсырма: Дидактикалық ойын. Сандардың көршісін табу. «Жоғалған сан».

3-тапсырма: Қандай геометриялық пішіндерді білесіңдер?

4-тапсырма: 5-санының құрамымен таныстыру.

5-тапсырма: Логикалық есептер

- Дүкеннен анам 2 допты алып келді, оның біреуін ініме бердім. менде неше доп қалды? (1)

- Қоянда неше құлақ бар? (қоянның суретін көрсету)

Мынау ненің суреті?

- Қолда қанша саусақ бар?

2. Ағашта 5 құс отыр, оның 2 - уі ұшып кетті, ағашта қанша құс қалды?

3. Себетте 2 алма, табақта 3 алма қосқанда барлығы болады неше алма?

Сергіту сәті:

Оң қолымда бес саусақ,

Сол қолымда бес саусақ.

Алақанымызды қосайық,

Шапалақтап алайық.

Қорытынды.

Балаларды мадақтау.

Қызыл телпек келеді.

Балаларға рахмет айтады.

Еркін ойын

Тапқыштар (6)

Күні:12.11.20

Тақырыбы.«Кеңістіктегі заттарды орналастыру».

Мақсаты:Балаларға кеңістіктегі заттарды орналастыру туралы мағұлмат беру.

Заттардың орнын ажырата білуге дағдыландыру

Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.

Ұйымдастыру кезеңі.

Шаттық шеңбер.

Жабырқауды білмейміз,

Жалқаулықты сүймейміз,

Біз талантты жас ұлан,

Үлгі аламыз жақсыдан.

«Топтастыру» әдісі

Қызыл, көк түске боялған асықтармен

2 топқа бөліп отырғызу.

Ой қозғау.

Сұрақ-жауап

Балалар неше жыл мезгілі бар?

Қазір жылдың қай мезгілі?

Күз мезгілінде неше ай бар?

Ай аттарын айтып беріңдерші?

Бір аптада неше күн бар? Балалар сендер қай балабақшаға келесіңдер?

Сендер балабақшаға қай уақытта келесіңдер?

Қай уақытта қайтасыңдар?

Кері байланыс:

Сұрақтарға көп жауап берген топтарға жұлдызшалар беру?

«Миға шабуыл» әдісі

Кеңістікте орналасқан заттарды топтастыру.

Ой дамыту.

Жоғары – төме, астында –үстінде ұғымын түсіндіру.

Қорытынды.

Балалар бүгінгі оқу қызметіміз ұнады ма? Немен таныстыңдар?

Қандай тапсырма орындадыңдар?

Балаларды жұлдызша арқылы мақтап мадақтау.

Тапқыштар (в)

Күні: 19.11.20

Тақырыбы : «Артық затты анықта»

Мақсаты: Жұмысты тиянақты орындай білуге үйрету. Өз жасаған жұмысын бағалау алуға тәрбиелеу. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.

Ұйымдастыру кезеңі:

Амандасу.

Қызығушылықтарын ояту.

Тосын сәт.

Білім ханшайымы келеді.

Балалармен амандасады.

Балаларға тапсырма алып келеді.

1-тапсырма .

Суретте ең көп бейнеленген қандай зат?

Бір-бірден салынған заттың аты қандай?

2-тапсырма

Тақтадағы заттарды көлеміне қарай (үлкен, кіші) салыстыру

Сергіту сәті

Оңға қарай иілдік,

Солға қарай иілдік,

Бір отырып, бір тұрып,

Бәріміз бір сергідік.

3- тапсырма

сөреге 2 аю, ал жоғарғы сөреге 3 қоян қою.

Ашық сұрақ

«Аю қанша? Қоян нешеу? Қайсысы көп (аз): аю ма, әлде қоян ба? 2аз ба, әлде 3 аз ба? Олардың санын тең болуы үшін не істеу керек?»

Балалардың жауаптарын тыңдау.

4-тапсырма.

Жұмбақ өлең оқу:

Азамат, Марат, Айдар,

Келді аралап базар.

Әрқайсысы өлшеп,

Сатып алды көйлек.

Азамат жасыл жейде сатып алды. Азаматтың оң жағында сары жейде киген Марат тұр, ал сол жағында қызыл жейделі Айдар тұр. Сол жақтағы баланың жейдесі – қызыл түсті, оң жақтағы баланың жейдесі- сары, ортадағы баланың жейдесінің түсі қандай?

Балаларды мадақтау

Қорытынды.

Білім ханшайымы балаларды мадақтап қоштасады.

Сұрақтар ілмегі арқылы қорытындылау.

.Тапқыштар (в)

Күні:26.11.20

Тақырыбы: Ауыр. Жеңіл

Мақсаты: «жеңіл – ауыр» сөздерін пайдалану арқылы салыстыруға үйрету; заттарды қолға алып, салмағы бойынша салыстыруға және өлшемі бойынша салмағын анықтауға үйрету

Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.

Ұйымдастыру кезеңі:

Шаттық шеңбері.

Үлкенге де «сіз»

Кішіге де «сіз»

Сәлем бердік сізге

Құрметпенен біз

Балалар бір жылда неше мезгілі бар?

- Қазір жылдың қай мезгілі?

Қызығушылықтарын ояту.

Білім ханшайымы келеді.

Тапсырма алып келеді.

1 - тапсырма:

Суреттегі үй қандай геометриялық фигуралардан тұратынын ата.

2 - тапсырма: 1-5 ке дейін тура және кері сана.

3 - ші тапсырма. Дидактикалық ойын: «Адасқан сандар»

4 - ші тапсырма:

Жаңа тақырып.

Ауыр және жеңіл. (Түрі және көлемі бірдей заттарды өлшей отырып салыстырып көрсету) түсіндіру.

Тәжірбие: Екі шар мен бір стақан су беріледі. Бір шарды үрлейміз. Екінші шарға стақан суды құямыз. Сұрақ: Қай шар ұшады? Қай шар ұшпайды? Неліктен?

Сергіту сәті:

Оң қолымда бес саусақ,

Сол қолымда бес саусақ.

Беске бесті қосқанда

Болады екен 10 саусақ.

Дидактикалық ойын:

Заттарды салыстыру: ауыр – жеңіл



Қорытынды.

Білім ханшайымы балаларды мадақтайды.

Жұлдызша таратады.

Қоштасады.

Балаларды мадақтау.

Желтоқсан

Тапқыштар (в)

Күні: 03.12.20

Тақырыбы: Заттардың өлшемі бойынша салыстыру.

Мақсаты: балаларды заттардың көлемін анықтауға және заттардың көлемі бойынша салыстыру. Үлкен, кішкентай, үлкенірек, кішірек, жоғары, үйрету. тілдік дағдыларын талдау білігін дамыту.

Оқу қызметінің барысы.

Ұйымдастыру кезеңі.

Шаттық шеңбер

Жабырқауды білмейміз,

Жалқаулықты сүймейміз,

Біз талантты жас ұлан,

Үлгі аламыз жақсыдан.

Қызығушылықтарын ояту.

Топтық жұмыс

«Мозайка» әдісі

1-топ Көбелек қандай пішіндерден жасалған?

2-топ Балапан қандай пішіндерден жасалған?

Балаларды мадақтау.

Салыстыру әдісі.

I-топ. Қай қарындаш ұзын?

II-топ. Ағаштарды биіктігі бойынша салыстыру

«Үлкен және кішкентай» ойыны.

Балалар Кірпіге суреттен оның досарын тауып берейік.

Суреттен нені көріп тұрсыңдар?

Кірпілер бірдей ме?

Олар қандай екен?

Мадақтау.

Балалар, кірпі қысқа азық жинап алмақшы екен. Кірпіге көп алма қайда, бір алма қай жерде тұрғанын айтып жіберіңдерші. Ағашта неше алма бар? Жерде неше алма бар?

Қай жердегі алма көп?

Сергіту сәті.

Бір, екі, үш, төрт.

Жиналамыз бәріміз.

Бір, екі, үш, төрт.

Секіреміз бәріміз.

Бір, екі, үш, төрт.

Отырамыз бәріміз.

Үлестірмелі материалмен жұмыс.

Балаларға тапсырма береу.

барлық үлкен шаршыларды іріктеп алып төменгі жолаққа, ал кішкентайларын жоғарғы жолаққа қойып шығуы керек.

Әр балаға сұрақ қою.

Мадақтау.

Қорытынды.

«Бағдаршам» әдісі арқылы өз-өздерін бағалау.

Тапқыштар (6)

Күні:10.12.20

Тақырыбы. Ұзындық, шартты, өлшеуішті, пайдаланып, заттардың, ұзындығына, қарай, салыстыру.

Мақсаты: Ұзындық-заттардың созылымы болу қасиетін туралы ұғым қалыптастыру. бір-бірінің үстіне қою, жанастыру арқылы және шартты өлшемінің көмегімен заттардың ұзындығын өлшеумен салыстыруды үйрету.

Оқу қызметінің барысы.

Ұйымдастыру кезеңі.

Шаттық шеңбер.

Қуан шаттан, қуан шаттан!

Қуанатын күн бүгін.

Қайырлы күн достарым,

Сәттілікке толы күн болсын!

Ширату

- Ең бойы биік жануарды ата ?

- Ең бойы қысқасы қайсы?

- Бойы аласасы бар ма?

Топқа бөлу.

Түрлі түсті түтікше таңдауды ұсыну. Ұзын, орташа, қысқа таяқшаларды анықтап, сол бойынша топқа бөлінеді.

1 – топ , 2 – топ, 3 – топ

Қызығушылықтарын ояту.

Орындық артындағы «Тосын сый» суреттерге назар аударту.

Ширату

- Ең бойы биік жануарды ата ?

- Ең бойы қысқасы қайсы?

- Бойы аласасы бар ма?

Ұжымдық жұмыс.

«Ауадағы диалогтер» әдісі.

Балалар заттарды ұзындығы бойынша салыстырады.

Қай қарындаш ұзын?

Қайсысы қысқа?

-Жылан және жұлдызқұрт

-Қане қарайыңшы қайсысы ұзын?

Балаларды мадақтау.

«Ойланайық шапшаңырақ» әдісі

Топтарға әр – түрлі тапсырма беріледі.

1 – топ. Ағаштардың биіктігін өлшейді

2 – топ Бұталардың биіктігін өлшейді

3 – топ Шөптердің биіктігін өлшейді.

Текшелер қою арқылы өлшейді.

Сергіту сәті:

Тербеледі ағаштар,

Алдымнан жел еседі.

Кіп – кішкентай ағаштар

Биік болып өседі.

Жұптық жұмыс:

« Кім жылдам ? » әдісі бойынша

Балалар жұптасып

бір – бірінің бойларын салыстырады.

Үлестірмелі материалдармен жұмыс.

Көк жолақшаның үстіне қызыл жолақшаны қойғанда қай жолақша ұзын?

Қорытынды.

Басбармақ әдісі арқылы қорытынды жасау.

Мадақтау

Тапқыштар (6)

Күні:24.12.20

Тақырыбы. Шар,текше,цилиндр.

Мақсаты.Көлемді геометриялық фигуралармен таныстыру.текше шар цилиндр,оларды тануды үйрету кеңістіктік ұғымдарды санау дағдыларын дамыту.

Оқу қызметінің барысы.

Ұйымдастыру кезеңі.

Шаттық шеңбер

Амансың ба, алтын күн,

Амансың ба, жер ана,

Амансың ба, достарым,

Сендерді көрсем қуанам!

Ой қозғау.


Балалар сендер нешеге дейін санап білесіңдер?

Балаларды мадақтау.

Жаңа тақырып.

Геометриялық денелермен таныстыру.

Суретпен жұмыс.



Ой дамыту.

Шар : ол дөңгелек, домалатуға болады.

Топта шар пішініне не ұқсайды?

Текше - куб: шар сияқты дөңгелей алмайды, өйткені оның бұрыштары бар. Цилиндр екі тілде осылай аталады. «Сырғанақ» деп аударылады

Топтық тапсырма:«Артық пішінді тап» .

Үлестірмелі материал ретінде балаларға үйлестіру. Ішінен артық пішіндерді табу.

Сергіту сәті.

Секіреміз топ-топ,

Шапалақтап көп-көп.

Иілеміз оңға қарай бір,екі,үш,

Иілеміз солға қарай бір,екі,үш.

Дидактикалық ойын:«Кім жылдам»

М:Балаларды үш топқа бөліп пішіндерді (текше,шар, цилиндр) тез-тез жинау.

Қорытынды.

Балалар бүгін қандай пішіндермен таныстық?

Текшенің түсі қандай?

Шаршының түсі қандай?

Цилиндрдің түсі қандай?

Балаларды мадақтау,жұлдызшалар беру.

Тапқыштар (в)

Күні:31.12.20

Тақырыбы: Үсті-асты, ішінде-сыртында, алдында артында оң ,жақ-сол жақ.

Мақсаты: Балаларды кеңістіктік қарым-қатынастарды оратуға үйрету, жоғарыт төмен, оң жақ сол жақ жоғары-төмен ортасында, арасында, қағаз бағдарлау. Есте сақтау ,сөйлеу , назар аудару дағдыларын дамыту.

Оқу қызметінің барысы.

Ұйымдастыру кезеңі.

Шаттық шеңбер

Амансың ба, жер ана!

Амансың ба, нұрлы күн!

Аман есен болайық,

Бейбітшілік қалайық!

Қызығушылықтарын ояту.

Тосын сәт.

Қуыршақ Айсұлу келеді.

Балаларға тапсырма алып келеді.

1-тапсырма «Кімнің қайда тұрғанын тап»

Әртүрлі заттар мен ойыншықтарды пайдалана отырып, қайсысының қайда орналасқанын анықтайды

2- тапсырма *Не өзгерді?»*

Үстелдің үстінде бірнеше зат жатыр. Балалар заттың қалай орналасқанын естеріне сақтап қалады. Содан кейін көздерін жұмады. Сол кезде бір - екі заттың орны ауыстырылады.

Сергіту сәті:

Орнымыздан тұрайық,

Алақанды ұрайық

Оңға қарай бұрылып

Солға қарай бұрылып

Бір отырып, бір тұрып

Бой сергітіп алайық.

Ойын жаттығу

«Оңға бұрыл », «Оң қолында сол құлағыңның ұшына тигіз»

3-тапсырма *«Тез ойла»*

Мақсаты: .Балалардың заттарды көрсетіп салыстыру, үстінде, астында деген түсініктерін дамыту

Қорытынды.

Айсұлу балаларды адақтап жұлдызша таратады.

Балалармен қоштасып кетеді.

Балаларды мадақтау

Қаңтар

Тапқыштар (6)

Күні:14.01.21

Тақырыбы.3 цифры және 4саны мен цифры.

Мақсаты.3және 4сандарымен, 3және 4 цифрларымен таныстыру,цифр мен заттар саны сәйкестендіру үйрету,заттарды санау дағдыларын жетілдіру.3және 4цифрларын дұрыс тану мен бейнелеуді үйрету,зейін мен логикалық ойлауды дамыту

Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы

Балалар, қазір бізде қандай жыл мезгілі?

Қыс мезгілінде неше ай бар?

Қызығушылықтарын ояту.

Топқа Буратино келеді.

Буратино: Менің көңіл-күйім түсіп қалды, себебі мен мына шарларды ұстап аламын дегенде, қолымдағы кілтімді түсіріп, жоғалтып алдым. Ол кілт жәй кілт емес, сиқырлы алтын кілт. Кілтімді табуға көмектесеіңдер ме?

Буратинаның алтын кілтін іздеу үшін «Сиқырлы гажайып білім әлеміне» саяхатқа шығайық. Саяхатқа немен шығуға болады?

Балалардың жауаптары

Саяхатқа поездбен аттанайық.

Поезд орнынан қозғалу үшін 5-ге дейін тура және кері санауымыз керек.

1-Бекет

Математика

1-тапсырма

шарларға назар аударайықшы. Менің бір қолымда қандай түсті шар тұр? Ал, екінші қолымда қандай түсті шар тұр?

Менің қолымда барлығы неше шар?

Балаларды мадақтау

2-тапсырма

«Кім біледі сол әрі қарай санайды» деген ойын ойын.

Мен сендерге бір сан айтамын ,ал сендер әрі қарай санайсыңдар.

Сергіту сәті.

Тербеледі ағаштар

Алдымнан жел еседі

Кіп-кішкентай ағаштар

Үп-үлкен боп өседі.

3-4 сандарымен таныстыру.

Тақтамен жұмыс:

Тақтадағы суреттер бойынша заттың атын атап, санау.

4балық, 3 күшік, 4 доп, 4қоян

3-тапсырма

Сәйкесін тап" ойыны

Үлестірмелі қағаздағы суреттерді цифрмен сәйкестендіру.(3-4 сандары)

4-тапсырма.

«Неге ұқсайды» ойынын ойнау.

Топта геометриялық пішіндерге ұқсайтынын заттарды атау.

Қорытынды.

Балалар тапсырманы орындап Буратино кілтін табады.

Буратино қуанып балаларға рахмет айтады.

Балабақшаға оралу.

Буратино балалармен қоштасады.

Сұрақтар ілмегі арқылы қорытындылау.

Мадақтау.

Тапқыштар (6)

Күні:21.01.21

Тақырыбы . Пішіндер сыры

Мақсаты .Геометриялық пішіндерді ажырата отырып,логикалық ойлау қабілетін дамыту, қызықты тапсырмаларға деген қызығушылықтарын арттыру

Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы

Шаттық шеңбер.

Сәлем деймін күнге мен,

Сәлем деймін мен саған,

Сәлем дейміз апайға,

Мнемотехника

Қыс мезгілі.

Сұрақ жауап

Тосын сәт.

Күлдірген келеді.

Балалармен амандасады. Күлдірген: Балалар маған сендердің көмектерің керек.

Мен түстерді білмеймін.

Балалар көмектесіп, үйретеміз бе !

Дидактикалық ойын:

«Бұл қандай пішіндер.»

Ой дамыту.

Пішіндер туралы түсінік беру.

Үлестірмелі материалдармен жұмыс.

Балалар қараңдаршы үстелдің үстінде нені көріп тұрсындар?

Жай пішіндер емес, олар сиқирлы пішіндер.

Осы пішіндер бір біріне ұқсайма?

Пішіндер арқылы 3 топқа бөлу.

1-топ қызыл үшбұрыш

2-топ сары төртбұрыш

3-топ көк дөңселек.

Әр топқа тапсырма беру.

1-топқа тапсырма.

Алдарыңда жатқан тапсырмаларды қараймыз.

Ненің суретін көріп тұрсындар?

Түстеріне, пішініне қарай осы суреттерді кұрастырасыңдар.

2- топқа тапсырма.

Балалар, мен сендерге бір қызық ертегіні оқып беремін.

Бұл ертегі осы сыйқырлы

пішіндерге байланысты.

Мен қандай пішіндерді айттым . Сол пішіндерді көрсетесіңдер.

Мұқият тындаймыз.

Ерте, ерте, ертеде қызыл түсті төрт бұрыш өмір сүріпті. Оның достары болмапты. Ол бір күні ойнап жүргенде сары үш бұрышпен танысады, екеуі бірге көк дөңселеке қонаққа барады. Олар үшеуі қызыл төрт бұрыш, сары үш бұрыш, көк дөңселек дос болады. Сонымен бұл ертегіде қандай пішіндер дос болыпты?

Ой қозғау.

Ертегіде қандай пішіндер дос болған?

Балалардың жауаптары.

3-топқа тапсырма.

Пішіндерден үй құрастыру.

Ой қозғау.

Қандай пішіндерден үй құрастырдыңдар?

Сергіту сәті:

Жаттығу жасаймыз!

Бір деп-тік тұрамыз.

Екі деп-екі рет айналамыз.

Үш деп-үш рет секіріп.

Төрт дегенде-отырамыз.

Қорытынды.

Бағдаршам түсімен қорыту

Кімге ұнаса жасыл дөнгелекті көрсетеді, кім түсінбесе сары түсті көрсетеді, ал ұнамаса қызыл түсті дөнгелекті көрсетесіңдер.

.Балаларды бағалау,

жұлдызша тарату.

Тапқыштар
Күні:28.01.21

Тақырыбы.Қағаз бетінде бағдарлау.

Мақсаты.Қағаз бетінде бағдарлау, жоғары төмен ортасы, оң жақ, сол жақ, балаларды кеңістікті қарым-қатынастарды орнатуға үйрету. жоғары – төмен оң жақ сол жақ ортасында арасында. Есте сақтау, назар аудару дағдыларын дамыту.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы

Шаттық шеңбер.

Жарқырап күнде ашылды,

Айналаға гүл шашылды

Қайырлы күн!

Біз нәзік қыздармыз!

Қайырлы күн!

Біз ержүрек ұлдармыз!

Қызығушылықтарын ояту.

Тосын сәт:

Қонаққа кірпі келеді, балалармен амандасады, балалардан көмек сұрайды.

Кірпі: балалар маған көмектесіңдерші, менің қолымда қағаз бар, ол қағазда былай деп жазылған. "

Қағаздың жоғары жағына үш алманың, төменгі жағына екі алманың суретін сал, оң жағына алмұрттың, ортасына шиенің суретін сал. "-делінген.

Ал мен қағаздың бетін бағдарлай алмаймын.

Маған көмектесіңдер ма?

Ой дамыту.

Суреттер көрсету.

Суретке қарап заттардың орналасуын (жоғарыда, төменде) көрсетіп айтып беру.

Кірпінің тапсырмасын орындау.

Үлестірмелі материалдармен жұмыс.

Алдарыңда тұрған ақ параққа сурет саламыз жоғарғы жағына үш алманың суретін салайық, қағаздың төменгі жағына екі алманың суретін салайық.

Енді қағазға мұқият қараңдар шатыстырып алмаңдар. оң қолдарың қайда, дұрыс оң жаққа алмұрттың суретін салайық. ақ парақтың дәл ортасын көрсетіңдерші, (балалар ортасын көрсетеді) дұрыс сол жерге шиенің суретін саламыз. Жарайсыңдар

Балаларды мадақтау.

Сергіту сәті:

«Ұшақ» балалар аяқтарын алысқа қойып, қолдарын екі жаққа созып, оңға-солға бұрылады.

Дидактикалық ойын. « Жоғарыда-төменде»

Балалар заттардың қайда орналасқандарын айтады.

«Тез ойла» ойын.

Шарты. Тақтадағы суретке қарап, өз орындарында тез орналастырып қою керек.

Тақтамен жұмыс:

Бұлт, күн, үй, шөптер, тал, қызғалдақты киіз үйдің сол жағына, көбелекті жоғары, күннің көзін оң жаққа, шөптерді төмен жаққа орналастыру, т.б. қағаздан қырқылған суреттерді магнитпен тақтаға жапсыру.

Қортынды

Кірпі: балалар сендерге көп рахмет, маған сендердің көп көмектерің тиді. Сау болыңдар. (балалар кірпімен қоштасады)

Балаларды мадақтау.

Сұрақтар ілмегі арқылы қорытындылау.

Тапқыштар (6)

Күні:04.02.21

Тақырыбы.Не қайда орналасқан?

Мақсаты. Заттарды орындары бойынша салыстыра отырып, табуға үйрету. Оң жақта-сол жақта ұғымдарын пысықтау

Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы

Қызығушылықтарын ояту.

Орманнан жануарларынан хат келеді.

Ормандағы аңдарға көмек керек. Орманды қар басып қалған.Көмектесеміз ба?

Орманға саяхат.

Сиқырлы сөз айту.

Бір, екі, үш

Орманға қарай ұш!

Енді көзімізді ашайық

- Балалар бұл ненің дауысы?

Боранның дауысы.

Боранның тапсырмаларын орындау.

1 - Тапсырма

1)«Жоғары-төмен»

Заттардың қайда тұрғанын айтады.

2) Сандарды тура кері сана

2 – тапсырма

1)Ойын: «Шапалақтау»

1 рет шапалақтағанда солға қарай бір адым жасайды

2 рет шапалақтағанда оң жаққа қарай бір адым жасайды

2)Ойын: «Қандай пішіндер?»

3-тапсырма

Суретте берілген заттардың орналасқан жерін айт.

4-тапсырма

Сергіту сәті

Оңға қарай түзу тұр, Солға қарай түзу тұр. Алға қарай бір адым, Артқа қарай бір адым.

Жоғары төмен қарайық Орнымызды табайық.

Тапсырмаларды орындайды.

Орман аңдары балаларға рахмет айтады.

Жолды қардан тазалағаны үшін.

Балабақшаға оралу.

Бір,екі,үш,

Балабақшаға қарай ұш!

Қорытынды.

Сұрақтар ілмегі арқылы қорытындылау.

Балаларды мадақтау

Тапқыштар (6)

Күні:11.02.21

Тақырыбы: Уақыт арқылы бағдарлау

Мақсаты :

Тәулік мезгілдерімен таныстыру. Бүгін, ертең, бүгінгі, кеше, арғы күні ұғымдарымен таныстыру.

Оқу қызметінің барысы:

Сұрақ-жауап

Қазір жылдың қай мерзімі?

- Қандай ай?

- Бүгін аптаның қай күні?

Қызығушылықтарын ояту.

Тосын сәт.

Есік қағылып, Білім ханшайымынан хат келді.

Балалар сендерге Білім ханшайымы тапсырмалар жіберген, сендер орындай аласыңдар ма?

1 - тапсырма.

Жылдың төрт мезгілін ата?

Қазір жылдың қай мезгілі?

Бір аптада неше күн бар?

2 тапсырма

Санау. Тура және кері санау.

1, 2, 3, 4, 5.

5 4, 3, 2, 1.

3-тапсырма: Уақыт. Уақыт бойынша бағдарлау: таңертең, күндіз, кеш, түн.

АКТ технологиясы

Түсінік беру.

Сергіту сәті.

"Күн мен түн»

"күн"- дегенде қолдарымыз бен шапалақтаймыз, "түн"- дегенде ұйықтап қаламыз.

4- тапсырма. Балалар сендердің алдарыңда конверт бар, сол конвертті ашып ішіндегі күндіз жасалынатын жұмыстарды бөлек, түнде жасалынатын жұмысты бөлек орналастырамыз. (Балалардың жұмысы)

5- тапсырма. Логикалық ойындар

1. Оң қолымда үш алма

Сол қолымда екі алма

Қосқанда барлығын

Болады неше алма?

2.

Ағашқа қонды 4 торғай

2 торғай ұшып кетті

Ағашта неше торғай қалды?

Балаларды мадақтау.

Қорытынды.

Балалар сендер барлық тапсырмаларды жақсы орындадыңдар.

Біздің балалар түгел орындады деп Білім ханшайымына хат жазып, поштаға салып жіберейін.

Білім ханшайымының сіздерге беріп жіберген сыйы бар екен соны тапсырайын.

Балаларды мадақтау.

Тапқыштар «в»
Күні:18.02.2021

Тақырыбы.Бүтін және бөлек

Мақсаты.«бүтін және бөлік»терминдерін енгізу,бөліктерде бүтінді құрастыруға және бүтінді бөліктерге бөлуге үйрету.

Оқу қызметінің барысы:

Шаттық шеңбер.

Армысың алтын кун!

Армысың көк аспан!

Армысың жан досым!

Жылуыма жылу қос,

Міне ,менің қолым.

Қызғушылықтарын ояту.

Орманшы ата орманнан себетпен сәлемдеме беріп жіберген. Себетте тапсырмалар бар.

Балалардың зейінін себеттегі жемістерге аудару.

1-тапсырма. «Кім жылдам»

-Балалар мынау не?Осы алманы тең 2 бөлікке бөлу. Ортасынан бөлгенде неше бөлік болды?
Мадақтау.

Бүтін және бөлік туралы түсінік беру.



2 тапсырма:

Геометриялық фигуралар бойынша Үшбұрыш,төртбұрыш,дөңгелекшелерді ортасынан теңдей бөлу ,жартысын боя керекпіз.

Үлгі көрсету, түсіндіру.

Сергіту сәті:

«Бес саусақ»

Оң қолымда 5 саусақ

Сол қолымда 5 саусақ

Алақанды ашайық

Беске бесті қосайық

3 тапсырма:

«Кім зерек»

Балалар берілген нүктелер бойынша пішіндерді нүктелер арқылы қосуымыз керек.

Қарындашпен жұмыс

Балаларға сұрақ қою.

Мадақтау.

Қорытынды.

Балаларды мадақтау.

Орманшы атаңын себеттегі сыйлықты балаларға беру.

Тапқыштар (6)

Күні: 25.02.21

Тақырыбы.

Жүзден жүйрік

Мақсаты. Зейінін, еске сақтау, байқағыштық, киялдау, танымдық іс-эрекеттерімен өздігінен білім алуға, ізденуге бейімдеу.

Оқу қызметінің барысы:

Шаттық шеңбер.

Қайырлы таң!

Ормандар мен далалар.

Қайырлы таң!

Достасқан бар балалар.

Қайырлы таң !

Біздің балабақшамыз.

Қайырлы таң!

Достарым!

Қызығушылықтарын ояту.

Тосын сәт.

Құртаққандар келеді.



Суреттегі әр құртақанды сипаттап беруді ұсыну

Балалардың жауаптары.

Құртақандардың тапсырмалары.

1-Тапсырма.

Ойын «Ғажайып қалта»

Геометриялық пішіндер салынған қалта болады, балалар сипат сезу арқылы пішіндерді атап айтып береді.

2- тапсырма.

Жұмбақтар шешу.

1) Ұйқымыздан тұрамыз, беті қолды жуамыз, балабақшамызға келеміз. бұл қай кезде болады? (таңертен)

2) Біз тәртіпті боламыз, сабақты да оқимыз. Серуенге шығамыз, қыдырамыз, бұл қай кезде болады? (күндіз)

3) Күн батады қызарып, анамызды күтеміз. Бұл қай кезде болады? (кеш)

4) Үйлерде шам қызарып, демалады әлем деп, алдиілеп ақ әжем ертегі оқиды. Бұл қай кезде болады (түн)

3-тапсырма

«Бос торларды сәйкес пішіндермен толтыр»

Шарты: Геометриялық пішіндерді танып, атай білуге үйрету. Бос торларды сәйкес пішіндермен толтырту.

Сергіту сәтті:

Ал, балалар тұрайық,

Алақанды ұрайық

Қолды белге қояйық,

Оңға қарай иіліп,

Солға қарай иіліп

Белімізді жазайық

Жоғары төмен қарайық,

4-тапсырма.

Мұнда заттарға сәйкесті пішінді орналастыр.



Қорытынды.

Құртақандар балаларды мадақтайды. Балаларға жұлдызша беріп қоштасады.

Сұрақ жауап арқылы қорытындылау.

Тапқыштар (6)

Күні:04.03.21

Тақырыбы.

Бос орынға тиісімі суреттерді қой

Мақсаты. Зейінін, еске сақтау, байқағыштық, қиялдау, танымдық іс-эрекеттерімен өздігінен білім алуға, ізденуге бейімдеу.

Оқу қызметінің барысы:

Шаттық шеңбер.

Қайырлы таң!

Ормандар мен далалар.

Қайырлы таң!

Достасқан бар балалар.

Қайырлы таң !

Біздің балабақшамыз.

Қайырлы таң!

Достарым!

Қызығушылықтарын ояту.

Тосын сәт.

Құртаққандар келеді.



Суреттегі әр құртақанды сипаттап беруді ұсыну

Балалардың жасауаптары.

Құртақандардың тапсырмалары.

1-Тапсырма.

Ойын «Ғажайып қалта»

Геометриялық пішіндер салынған қалта болады, балалар сипат сезу арқылы пішіндерді атап айтып береді.

2- тапсырма.

Жұмбақтар шеңбер.

1)Ұйқымыздан тұрамыз, беті қолды жуамыз, балабақшамызға келеміз. бұл қай кезде болады?(таңертең)

2) Біз тәртіпті боламыз, сабақты да оқимыз.Серуенге шығамыз, қыдырамыз ,бұл қай кезде болады?.(күндіз)

3) Күн батады қызарып, анамызды күтеміз.Бұл қай кезде болады ?(кеш)

4) Үйлерде шам қызарып, демалады әлем деп, әлдилен ақ әжем ертегі оқиды. Бұл қай кезде болады (түн)

3-тапсырма

«Бос торларды сәйкес пішіндермен толтыр»

Шарты:Геометриялық пішіндерді танып, атай білуге үйрету. Бос торларды сәйкес пішіндермен толтырту.

Сергіту сәтті:

Ал,балалар тұрайық,

Алақанды ұрайық

Қолды белге қояйық,

Оңға қарай иіліп,

Солға қарай иіліп

Белімізді жазайық

Жоғары төмен қарайық,

4-тапсырма.

Мұнда заттарға сәйкесті пішінді орналастыр.



Қорытынды.

Құртақандар балаларды мадақтайды. Балаларға жұлдызша беріп қоштасады.

Сұрақ жауап арқылы қорытындылау.

Тапқыштар (6)

Күні:11.03.21

Тақырыбы: Логикалық тапсырма

Мақсаты :

Балалардың

логикалық тапсырмалар арқылы білімін бекітіп, сезімталдық, есте сақтау қабілеттерін дамыту, ойыншықтардың түр-түсін, пішінін, сипаттап айтып бере білуге дағдыландыру.

Оқу қызметінің барысы:

Балалардан жыл мезгілін сұрау.

Сұрақ-жауап

Балалар айтыңдаршы математика оқу қызметінде біз не істейміз?

Немен танысамыз?

Балалар қалай ойлайсыңдар дүниеде нені санауға болмайды?

(Жаңбыр тамшысын, жауған қарды, ағаш жапырақтарын, құм топырағын.)

Ал жыл мезгілдерінің айларын санаймыз ба?

Ендеше бір жылда неше ай бар?

Кәне төрт мезгілді атап беріндерші?

Қызығушылықтарын ояту.

Тосын сәт.

Почташы хат әкеледі. Хатта көптеген тапсырмалар болады. Оны көктем ханшайымы жіберген

.

1-тапсырма.

Қызықты тапсырма.

1. Үйге кіргенде не ашылады...

2. Бәйшешек қай мезгілде гүлдейді...

3. Ұйықтаған кезде не көреміз...

4. Қандай ыдыстан ас ішуге болмайды...

5. Қандай тас өзенде болмайды...

6. Жабық көзбен не көруге болады.

2 тапсырма.

Дидактикалық ойын:

«Апта күндерін ата».

-Бір аптада неше күн бар?

-Атап беріндерші.

Балабақшаға неше күн барамыз?

Неше күн демаламыз?

Жақсы. Ал айтыңдаршы бүгін аптаның қай күні?

Ал кеше аптаның қай күні болды?

Ал ертең аптаның қай күні болады?

Жарайсыңдар!

Сергіту сәті.

Ал, балалар тұрайық,

Үлкен шеңбер құрайық.

Оңға, оңға түзу тұр!

Солға, солға түзу тұр!

Алға қарай бір адым,

Артқа қарай бір адым,

Жоғары-төмен қарайық, Орнымызды табайық.

3 тапсырма.

«Ауызша есеп».

Енді балалар есеп шығарайық. 1) Әсемде бар 5 кәмпит,

Әселде бар 2 кәмпит.

Қоссақ 5 пен 2-ні,

Қанша болар шешімі?

2) Кеше көл жағасында

Жиналды 4үйрек

3-і ұшып кетті неше үйрек?

3) Алма ағаш үстінде,

Он жағында 6 алма

Сол жағасында 4 алма

Алмаларды біз қоссақ

Нешеу болар барлығы?

4 тапсырма.

«Көршісін тап».

1,3,4,

Жарайсындар балалар!

Қорытынды.

Балалар көктем ханшайымының тапсырмаларын жақсы орындадыңдар.Жарайсыңдар!

Көктем ханшайымының сендерге деген сыйлығы бар екен.

Балаларға сыйлықты беріп мадақтау.

Тапқыштар «в»

Күні:18.03.21

Тақырыбы. Оң мен солды ажырату

Мақсаты. Жұмысты тиянақты орындай білуге үйрету. Өз жасаған жұмысын бағалау алуға тәрбиелеу. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.

Оқу қызметінің барысы:

Шаттық шеңбер.

Қайырлы таң! Жер ана!

Қайырлы таң! Көк аспан!

Қайырлы таң! Алтын күн!

Қызығушылықтарын ояту.

Тосын сәт.

Хатшы хат пен қобдиша әкеледі.

Хатта Білім ханшайымының тапсырмалары бар.

Сол тапсырмаларды орындасақ қобдиша ашылады екен.

Топтарға бөлу:

Шаршы және тіктөртбұрыштар арқылы.

I-топ Шаршы

II-топ Тіктөртбұрыш.

1-тапсырма.

Тақтамен жұмыс.

Балалар тақтадағы I-ден -5 ке дейін сандарға байланысты

суреттер осы суреттегі заттар қанша болса жанына цифр қоямыз.

Әр топтан балалар тақтаға шығып орындайды.

Мадақтау.

2-тапсырма.

«Оң мен солды ажырат»

Оң мен сол қолдарын айыру керек. Көкеніс пен жеміс

осылардың қайсысы оң мен сол қолда екенін табу керек.

Мадақтау.

Сергіту сәті.

Аяқпенен топ-топ-топ,

Ақылменен хлоп-хлоп-хлоп,

Оң аяқ, сол аяқ,

Отырамыз, тұрамыз.

3-тапсырма.

Суретпен жұмыс.

1-топ: Шаршы тобына

Баланың оң қолындағы шарды бояу .

II-топ: Тіктөртбұрыш тобына

Баланың сол қолындағы

жалаушаны бояу .

Әр топ берілген шарларды оң мен солды

ажыратып атау керек.

4-тапсырма

Дидактикалық ойын: Пішіндерді ата

Мақсаты: Балаларға пішіндерді көрсетіп тез атауға үйрету.

Қай топ бірінші айтса сол топқа смайлк беру.

Қорытынды.

Балаларды мадақтау.

Білім ханшайымының сиқырлы қорапшасы ашылып ішінен сыйлық шығады.

Сыйлықты балаларға беру.

Сұрақ – жауап арқылы қорытындылау.

Оң қолдарыңды көтеріңдер?

*Сол қолдарыңды көтеріңдер?
Қасықты, қаламды қай қолға ұстаймыз?
Мадақтау.*

Күні: 25.03.21

Тақырыбы. *Не неге ұқсайды.*

Мақсаты: *Геометриялық денелердің аттауларымен таныстыру заттардың белгілері. қоршаған орта заттарының нысаны туралы ұғымын қалыптастыру.*

Оқу қызметінің барысы:

Шаттық шеңбер

Амансың ба Жер ана!

Амансың ба Көк аспан!

Амансың ба Достарым!

Сендерді көрсем қуанам!

Қызығушылықтарын ояту.

Тосын сәт.

Музыка ойналады

-Балалар, міне керемет. Сендер не байқап тұрсыңдар. Мынау не?

-Балалар шарлардың түсі қандай?

Қызыл, сары, жасыл.

-Жарайсыңдар байқадыңдар ма бұл шарлар сиқырлы.

-Балалар шарлар қай жерде тұр?

-Біз оны қалай алсақ болады екен?

Мүмкін сиқырлы шарларға санамақ айтып көрсек қайтеді.

Санамақ

Бір дегенім бесік, шықтық одан өсіп.

Екі дегенім елім, далам туым көгім.

Үш дегенім үміт, үміт артар жігіт.

Төрт дегенім бақыт, бағалайтын уақыт.

Музыка әуенімен шарлар төменге түседі.

-Балалар сиқырлы шарлармен бірге тапсырма келген екен.

Тапсырмаларды орындаймыз ба?

1-тапсырма.

Мынау қандай пішін?

(дөңгелек)

-Дөңгелекке ұқсайтын заттарды атандаршы?

Балалар жауабы (

Доп не істейді?

Келесі пішін ол не?

(үшбұрыш)

Үшбұрышқа ұқсайтын заттарды атадаршы. (кеме, шатыр, жалау)

Кеме қайда жүзеді?

Келесі қандай пішін?

(төртбұрыш)

Осы пішінге ұқсайтын заттарды атау. (телидидар, есік, терезе)

Телидидардан не көресіңдер?

-Тамаша, сиқырлы шарлардың тапсырмасын жақсы орындадық.

2-тапсырма.

Ал, енді балалар мен сендерді үстел басына шақырамын. Сиқырлы шарлардың дайындаған ойыны бар екен.

Ойын «Геометриялық пішінге қарай заттарды топтастыру»(пазла)

Балалар тапсырманы орындайды.

3-тапсырма.

«Кім тапқыр?» дидактикалық ойыны.

Балалар топ бөлмесінің ішінен

Пішіндерге ұқсас заттарды табу.

Сергіту сәті.

1 дегенде тұрайық,
2, 3, 4 - алақанды соғайық,
Оң жаққа бұрылып,
Сол жаққа бұрылып,
Бір отырып, бір тұрып,
Біз жүгіріп алайық.
5 дегенде асықпай,
Орнымызды табайық.

4-тапсырма.

«Пішіндерді боя» дидактикалық ойыны:

Шарты. Балалар тақтадағы пішіндердің түстеріне қарап алдарындағы пішіндерді сондай түспен бояйды.

5-тапсырма.

«Қандай пішін шықты?»

Шарты. Таяқшалардан таныс пішіндерді құрастырады.

Балалар тапсырмаларды орындайды.

Мадақтау.

Қорытынды..

Сұрақ қоя отыры қортындылау.

Белсенді қатысқан балаларды мақтау, мадақтау.

Балаларға жұлдызша беру.

.

Тапқыштар (6)

Күні:01.04.21

Тақырыбы.Бауырсақтың тапсырмалары

Мақсаты. сандар , пішіндер туралы білімдерін пысықтау.Ойын, зейінін дамыту.

Оқу қызметінің барысы:

Шаттық шеңбер.

Дос болайық бәріміз

Жарасып тұр әніміз

Тыныштықты сақтаймыз

Атсын күліп таңымыз.

Сұрақ – жауап .

- Жылдың қай мезгілі?

- Көктем айларын атаймыз?

- Қазір қай ай?

- Бір аптада неше күн бар?

- Бүгін қай күн?

Балалардың жауаптары.

Қызығушылықтарын ояту.

Бауырсақ келеді.

Балаларға тапсырма әкеледі.

Балалар жапырақ түстері бойынша 3 топқа бөлініп отырады.

1-топ жасыл түсті жапырақ тобына тапсырма.

1-5ге дейін тура және кері санау.

2-топ сары түсті жапырақ тобына тапсырма.

.Әр-түрлі пішіндерден бейнелер құрастыру.

3-топ қызыл түсті жапырақ тобына тапсырма.

Мұнда заттарға сәйкесті пішінді орналастыр.



Балаларды мадақату.

Сергіту сәті.

Орнымыздан тұрамыз,

Алақанды ұрамыз.

Бір отырып, бір тұрып,

Тез шынығып шығамыз.

Бауырсақтың сұрақтары.

«Кім тез айтады» ойын.

1. Екі қоянда қанша құйрық бар?

2. Шеңберде неше бұрыш бар?

3. Таңертең балалар ұйықтайды?

4. Жазда қар жауады?

5. Үстелде неше аяқ бар?

6. Күндіз ай жарық шашады

7. санамақ білесіңдер ме?

8. 1-5ке дейін тура және кері санай аласыңдар ма?

Қорытынды.

Бауырсақ балаларды мадақтап сыйлыққа көңілді смайлктер береді.

Балаларды мадақтау.

Тапқыштар (6)

Күні 08.04.21

Тақырыбы. Бауырсақтың тапсырмалары

Мақсаты. сандар , пішіндер туралы білімдерін пысықтау. Ойын, зейінін дамыту.

Оқу қызметінің барысы:

Шаттық шеңбер.

Дос болайық бәріміз

Жарасып тұр әніміз

Тыныштықты сақтаймыз

Атсын күліп таңымыз.

Сұрақ – жауап .

- Жылдың қай мезгілі?

- Көктем айларын атаймыз?

- Қазір қай ай?

- Бір аптада неше күн бар?

- Бүгін қай күн?

Балалардың жауаптары.

Қызығушылықтарын ояту.

Бауырсақ келеді.

Балаларға тапсырма әкеледі.

Балалар жапырақ түстері бойынша 3 топқа бөлініп отырады.

1-топ жасыл түсті жапырақ тобына тапсырма.

1-5ге дейін тура және кері санау.

2-топ сары түсті жапырақ тобына тапсырма.

.Әр-түрлі пішіндерден бейнелер құрастыру.

3-топ қызыл түсті жапырақ тобына тапсырма.

Мұнда заттарға сәйкесті пішінді орналастыр.



Балаларды мадақату.

Сергіту сәті.

Орнымыздан тұрамыз,

Алақанды ұрамыз.

Бір отырып, бір тұрып,

Тез шынығып шығамыз.

Бауырсақтың сұрақтары.

«Кім тез айтады» ойын.

1. Екі қоянда қанша құйрық бар?

2. Шеңберде неше бұрыш бар?

3. Таңертең балалар ұйықтайды?

4. Жазда қар жауады?

5. Үстелде неше аяқ бар?

6. Күндіз ай жарық шашады

7. санамақ білесіңдер ме?

8. 1-5ке дейін тура және кері санай аласыңдар ма?

Қорытынды.

Бауырсақ балаларды мадақтап сыйлыққа көңілді смайлктер береді.

Балаларды мадақтау.

Тапқыштар (6)

Күні:15.04.21

Тақырыбы.Сыр сандық

Мақсаты.Балаларға әртүрлі тапсырмаларды орындай білуге үйрету.Балалардың қызығушылықтарын, есте сақтау қабілеттерін,логикалық аттыру.Әрбір берілген тапсырмаларды тиянақты орындай білуге үйрету

Оқу қызметінің барысы:

Шаттық шеңбері.

Сұрақ жауап.

Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

– Көктем мезгілінде неше ай бар?

– Көктемде ауа райында қандай өзгерістер болады?

Балалардың қызығушылықтарын ояту.

Ой балалар, мұнда біреу сандықша тастап кетіпті. Кане сандықшаны ашып көрейікші.

Сандықтың есігінде құлып тұр екен. Бізге оны ашу үшін не керек? (Құлыпты ашу үшін бізге кілт керек!)

Ашылмайды?

Не істейміз?

Тосын сәт.

Топқа Буратино кіреді.

– Сәлеметсіңдер ме, балалар!

– Балалар бұл сандықты ашуға мен көмектесейін. Менің сиқырлы кілтімнің ашпайтын құлпы жоқ. Бірақ сендер алдымен менің сендерге дайындаған тапсырмаларымды орындасаңдар ғана сандықшаның құлпын ашып беремін.

– Балалар, біз Буратиноның дайындаған тапсырмаларын орындауға дайынбыз ба? (Әрине, дайынбыз).

Буратино: – Олай болса іске сәт.

1-тапсырма. қызыл түсті конверт.

1-ден 5-ге дейін тура ,кері сана.

Балалар тапсырманы орындайды.

2 – тапсырма. көк түсті конверт.

Геометриялық пішіндерді ажырат.

Балалар пішіндерді ажыратады.

Балалар біз Буратиноның бірінші тапсырмасын орындадық.

3 – тапсырма.

сары түсті конверт.

Жұмбақ есеп.

1.Саматта екі алма болды, ол бір алмасын досына берді. Неше алма өзінде қалды? 2.Ағаиша төрт алмұрт,

Айман алып екеуін,

Қалдырған екен нешеуін? 3.Сәуле үйге дүкеннен апельсин, мандарин, алма , банан, жүзім сатып алды.

Санап шықшы неше жеміс алды?

4. 5 көжсек орманға,

Бара жатыр қорбаңдап.

Бірі олардың шаршады,

Әрі қарай бармады.

Жауабын тез айт.

Қаниша қонжық кетті орманға?

Сергіту сәті:

Бір дегенде-тік тұрамыз.

Екідегенде-екіретайналамыз.

Үшдегенде-үшретсекіреміз.

Төртдегенде-отырамыз.

4 – тапсырма. Жасыл түсті конверт.

Ойын: «Түстерінсәйкестендір»

Шарты: суреттегі түрлі түсті үйлерге пішіндерді түстеріне қарай орналастыру.

Балалар пішіндерді түстерін ажырата отырып үйлерге орналастырады.

Буратино: – Жарайсыңдар балалар сендер менің дайындаған тапсырмаларымды дұрыс орындадыңдар. Енді мен өзінің сиқырлы кілтіммен сандықты ашып берейін.

Буратино сандықты ашады.

Сандықтың ішінен шыққан сыйлықты балаларға таратып беру

Қорытынды.

Балалар бүгін бізге қонаққа кім келді?

– Біз қандай тапсырмалар орындадық?

– Бүгінгі оқу қызметі ұнады ма?

Балаларды оқу қызметі соңында мақтап, мадақтау.

Күні:22.04.21

Тақырыбы.Заттардың қасиеті

Мақсаты.Заттардың жеке қасиеттерін анықтау. Неден жасалғаны, түсі, пішіні, көлемі туралы түсінік беру.

Оқу қызметінің барысы:

Шаттық шеңбер.

Бір шаңырақ астында,
Тату-тәтті тұрамыз.
Біргеішемізасты да.
Біргесайранқұрамыз,
Ортақболыпісіміз.
Еңбекдесетыңбаймыз.

Тосын сәт.

Пошташы сиқырлы қорап әкеледі.

Бұл қорапты ашу үшін тапсырмаларды орындауымыз керек.

1-тапсырма.Санамақ айту.

«Біздер үйде нешеуіміз....»

2-тапсырма.

Көлемі әртүрлі түрлі түсті шеңберлер қойылады.

Барлығы неше шеңбер бар?

- Олардың ішінде нешеуі үлкен? Нешеуі кіші?

Балалардың жауаптары.

Мадақтау.

Сергіту сәті.

Оңға бір қадам,

Солға бір қадам Айналып билейміз.

Алға бір қадам,

Артқа бір қадам Айналып билейміз.

3-тапсырма.

Ой қозғау жаттығулары. Логикалық есептер.

1.Қандай пішін жақсы домалайды?

2.Қандай геометриялық пішінде бәрі үшеуден?

3.Суға үш торғай қонды, бір торғай ұшып кетті суға неше торғай қонды? (суға торғай қона алмайды)

4.Әтеш қай кезде шақырады?

Дидактикалық ойын: «Мынау қандай зат екенін тап!»

Шарты: заттың атын, қасиетін, түсі мен пішінін, қолданылуын, неден жасалатынын т.б. айту.

Қорытынды.

Дидактикалық ойын арқылы қорытындылау.

«Ұзын, қысқа.»

Шарты. Жіп ұзын дегенде қолды алға созу, жіп қысқа дегенде қолды жинау.

Сұрақ – жауап.

Балаларды мадақтау.

Тапқыштар (6)

Күні: 29.04.21

Тақырыбы. Пішіндер неге ұқсайды?

Мақсаты. Қоршаған орта заттарының нысаны туралы ұғым қалыптастыру. Қоршаған ортадан геометриялық пішіндегі заттарды табуға, салыстыруға үйрету

Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.

Қызығушылықтарын ояту.

Балалар бізге дыбыстық хабарлама келіпті.

-Бүлкімнен болды екен а!

-Электронды почта дана шып көрейік.

(Электронды почта ашылады)

-Пішіндер патшайымы:

-Сәлеметсіздерме, балалар!

-Мен пішіндер патшайыммын.

Менің сендерге берер тапсырмаларым бар.

Сендердің білімдеріңді, ой-шұғырлықтарыңды білейіндеп, күлдіргеннен тапсырмаларымды беріп жіберемін. Жақсы орындаған

балаларға сыйлығым бар.

Сендерге сәттілік тілеймін!

1-тапсырма.

1. Пішіндер туралы жұмбақтар.

Допқа өзі ұқсайтын,

Ереки ебір пішін бар.

Атының атаңдар?

2. Төрт бұрышы бар,

төрт қабырғасы бар.

Бұл қай пішін?

3. Атына сай балалар,

Үш бұрыш, үш жағы бар.

Ол пішінді кім табар?

Балаларды мадақтау.

2-тапсырма.

Тура жән кері санау.

-Балалар біз санап білеміз бе?

-Қане, олай болса санайықшы.

Сергіту сәті.

Бойды сергектік ұста,

Емінер кінтыныста.

Оң қолыңды созалға

Қол ұшына қарада

Үш бұрышсыз ауада

Сол қол бос қатұрмасын

Шеңбер жасаптын басын.

3-тапсырма.

Дидиактикалық ойыны

«Қай пішінге ұқсайды»

Тақтаға алманың ,үтіктің , теледидардың суреттерін іліп олардың қай пішінге ұқсайтынын сызықпен қосу арқылы көрсетеді.

4-тапсырма

«Кім тапқыр?»

Балаларға логикалық тапсырмалар беріледі.

1. Табақта бір алма,

Қолымда екі алма.

Барлығын қосқанда,

Шығады неше алма? (3)

2. Үш алмұрттың біреуін,

Досың сұрап алады.

Айтшы сонда нешеуі,

Өз қолыңда қалады? (2)

3. Ақ балапан,

Сары балапан.

Шұбар балапан,

Қара балапан.

Барлығы неше балапан? (4)

4 Ағашта екі торғай бар еді, оның біреуі ұшып кетті. Ағашта неше торғай қалды? (1)

5. Құста неше тұмсық бар?(1)

6. Адамда неше көз бар?(2)

7. Үшбұрышта неше бұрыш бар?(3)

8. Қоянның неше құлағы бар?(2)

Қорытынды.

Жарайсыңдар, балалар!

Тапсырманы жақсы орындадыңдар.

Сендерге риза боладым.

Сендерге өмірде сәттілік тілеймін!

Балаларды мадақтау.

Тапқыштар (6)

Күні:06.04.21

Тақырыбы.Сиқырлы таяқшалар

Мақсаты.Балалардың ойлау қабілеттерін, есте сақтау жетілдіру.

Ой-өрісін дамыту. Достарына жұмыс уақытында көмек ете білуге тәрбиелеу

Оқу қызметінің барысы:Көңіл –күй сыйлау

Балалар кәне барлығымыз көңіл күйімізге байланысты мына смайликтерді алайық.

Балалар алып өз көңіл -күйлерін айтады.

Тосын сәт.

Хат келеді.

Хатты оқу.

Хатта сиқыршы сиқырлы таяқшасын жоғалтып алған. Сол сиқырлы таяқшаны табуға көмектесесіңдер дейді.

Көмектесеміз ба?

Ой дамыту.

Сиқырлы таяқшаны қайдан іздейміз?

Балалардың жауаптары.

Жарайды орманнан іздеп көрейік.

Орманға саяхат.

Аюдың тапсырмасы.

Балалар Аю бізді орманға кіргізгісі келмей тұр. Ол бізге орманға кіру үшін алдымен 1-5 ке дейін санауларын қажет дейді.

Қәне кім санап береді.

«Түлкінің тапсырмасы»

Санға сәйкес жеміс-көкөністерді көрсетіңдер дейді.

Айтып беріңдер, қандай сан және неше жеміс?

Балалардың жауаптары.

Сергіту сәті.

Қане, достым

Мененкейінқайтала.

Бір-тұрамыз, созыламыз,

Екі-еңкейіп, керілеміз,

Үш-шапалақсоғамыз,

Басымыздышайқаймыз,

Төртдегендеқолкөтеріп,

Бес дегендеқолбұлғаймыз.

Қасқырдың тапсырмасы.

Ойлан тап!»

Логикалық жұмбақ.

Бір сиырдың неше аяғы бар?

екі түлкінің неше құйрығы бар?

Ағаштың басында төрт торғай отыр,торғайлардың жанына тағы бір торғай келіп қонды неше торғай болды?

Балалардың жауаптары.

Арыстанның тапсырмасы.

өздерінің оң жағында кім отыр?

сол жағында кім отыр?

Тамақты қай қолмен ішеміз?

Балалардың жауаптары.

Орманнан сиқырлы таяқшану табу.

Балалар қуанады.

Балабақшаға оралу.

Қорытынды.

Ашық сұрақтар қою.

Балалар хат кімнен келді?

Сиқырлы таяқшаны қайдан таптық?

Қандай тапсырмалар орындадық?

Балаларды мадақтау.

Сиқыршыға сиқырлы таяқты почтадан жіберу.

Тапқыштар (6)

Күні: 13.05.21

Тақырыбы. Мозайка құрастыру

Мақсаты. Балалардың ойлау қабілеттерін, есте сақтау жетілдіру. ой-өрісін дамыту.

Оқу қызметінің барысы:

Шаттық шеңбері.

Алақанды ашайық

Күннің нұрын салайық

Жүрек жылуын салайық

Осы жақсы лебіздерді

Бір-бірімізге сыйлайық.

Сұрақ жауап.

Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

Мнемотехника «Көктем»

Балалар суретке қарап көктем мезгілі туралы айтады.

Қызығушылықтарын ояту.

Тосын сәт.

Хатшы қорап әкеледі.


Балалар бұл қорапта не бар екен?

Ашып қарайық.

Хат шығады.

Хатты оқу

Балалар осы суретті мозайка әдісі арқылы бояп беріңдерші. Дег орман кішкентайлары.



Балалар бұл суреттерді мозайка әдісі арқылы бояуымыз керек?

Балаларға түсінік беру.

Балалар өздеріне ұнаған суретті алып бояуға кіріседі.

Сергіту сәті.

Орнымыздан тұрайық,

Алақанды ұрайық.

Бір отырып, бір торып,

Біз бір дем алайық.

Балалардың жұмысын бақылау.

Жеке көмек көрсету.

Дидактикалық ойын.

«Неге ұқсайды»

Қорытынды.

Балалардың жұмысын қорытындылау.

Көрме ұйымдастыру.

Бір бірінің жұмыстарын бағалату.

Жасаған жұмыстарын орман кішкентайларына жіберу.

Балаларды мадақтау.

Тапқыштар «в»

Күні: 20.05.21

Тақырыбы. Қайсысы көп, қайсысы аз?

Мақсаты. Заттарды санына қарай салыстыру арқылы көп-аз, сонша ұғымдарымен таныстыру. Теңестірудің екі жолын практикалық жолмен меңгерту.

Оқу қызметінің барысы:

Шаттық шеңбер.

Балалар күн сияқты үлкен шеңбер болып тұрайық

-Ал осы күннен жылу алайық

-Сол жылуды алақандарымызбен бір-бірімізге жіберейік.

Жарайсыңдар.

Балалармен әңгімелесу.

-Балалар сендерді балабақшадан кімдер алып кетеді?

Қай кезде алып кетеді?

Тосын сәт.

Айсұлу келеді.

Тапсырмалар әкеледі.

1-тапсырма

«Қайсысы көп, қайсысы аз?»

Мақсаты: Түстерді және көп – аз ұғымын ажыратып айтады.

1- Тапсырма.

Тақтамен жұмыс.

Ненің суретін көріп тұрсыңдар?

-Қане, санайықшы алма нешеу?

-Ал, алмұрт ше?

Ойланайықшы, қайсысы көп?

Алма алмұрттан нешеге артық?

Ал, ендеше алмұрт алмадан нешеге кем болады екен?

Алма мен алмұртты теңестіру үшін не істейміз, яғни төрт алмұртқа 2 алмұртты қоссақ неше алмұрт болады?

2. Неше лимонды көріп тұрсыңдар, санайық?

Неше мандаринді көріп тұрсыңдар?

Қайсысы көп?

Лимоннан неше мандарин артық немесе неше лимон мандариннен кем?

Теңестіру үшін не істейміз?

Балалардың жауаптары.

Сергіту сәті:

Оң қолымда бес саусақ.

Сол қолымда бес саусақ.

Қосып едім екеуін,

Болып шықты он саусақ.

3-тапсырма

Алдарыңда салынып тұрған геометриялық пішіндердің қайсысы көп көк түспен, қайсысы аз қызыл түспен бояйсыңдар.

(Музыка әуені ойнап тұрады)

Балалармен жұмыс жүргізу (алдарындағы геометриялық пішіндерін санату, балаларды мадақтап отыру)

4-тапсырма

«Айырмашылығын тап»

Шарты : Балаларға екі суреттің айырмашылығын айтады.

Қорытынды.

Айсұлу барлық тапсырмаларды жақсы орындағандарын айтып балаларға ккңілді смайлктер береді.

Балалармен қоштасады.

Сұрақ жауап арқылы қорытындылап,балаларды мадақтау.

Тапқыштар (6)

Күні:27.05.21

Тақырыбы. Жыл мезгілдері.

Мақсаты. Айлардың атауларымен және олардың реттілігімен таныстыру. Жыл мезгілдерімен айлардың атауларын рет-ретімен атауға үйрету.

зейінді, жадты,

сөйлеу дағдысын дамыту.

Оқу қызметінің барысы:

Қызығушылықтарын ояту.

Балалар, мен сендерге құр қол келген жоқпын

Мына шарларды ала келдім .

-Бір жылда неше мезгіл бар?

-Төрт мезгіл. Кәне, атап шығайық . .. (қыс, көктем, жаз, күз)

Бұл шарлардың түсі де сол төрт мезгілді белгілейді.

Мына шардың түсі қандай ? (ақ)

-Бұл шардың түсі қай мезгілді білдіреді?

Жасыл шарды көрсету.

Бұл шардың түсі қай мезгілді білдіреді?

Қызыл шарды көрсету.

Бұл шардың түсі қай мезгілді білдіреді?

Сары шарды көрсету

Бұл шардың түсі қай мезгілді білдіреді?

Балалардың жауаптары.

-Балалар , түстерін білдік, енді сиқырлы шардың ішінде не бар екенін білгілерің келе ме?

Кәне, шарды кім жарады.

Бір бала шығып шарды жарады.

1-ші тапсырмасы:

Пішіндерден үй құрастыру.

1-ден 5-ке дейін тура және кері санау.

2-тапсырма.

Сандардың көршісін табу. «Жоғалған сан».

(1-ден 5-ке дейін сандар бойынша ретімен тұрады.)

Сергіту сәті:

Бойды сергек тік ұста

Емін - еркін тыныста

Оң қолыңды соз алға

Қол ұшына қарада

Үшбұрыш сыз ауада

Сол қол босқа тұрмасын

Шеңбер жасап тынбасын.

3-ші тапсырмасы:

Балалар неше апта күні бар? Апта күндерін ата.

4-ші тапсырма. Логикалық сөздер

Ағашта 5 құс отырды, оның 1-уі ұшып кетті, ағашта қанша құс қалды?

2. Себетте 2 алма, табақта 3 алма қосқанда барлығы болады неше алма?

3. Алма ағашта бес алма

Қандай тәтті жесе алма,

Бесеуінде жеп қойсаң

Қалады онда неше алма.

4. Төрт қонжық орманда

Келе жатты қорбандан

Біреуі шаршады

Әрмен қарай бармады.

Геоконт тақтайшасының көмегі арқылы әртүрлі тапсырмаларды орындау.

1. *Үшбұрышжасау*
2. *Тіктөртбұрышжасау*
3. *Шеңбержасау*

Қорытынды:

Ашық сұрақтар әдісі арқылы қорытындылау.

Балаларды мадақтау.

Бекітемін:

«Ақмарал» бөбекжай балабақшасының
менгерушісі А.С.Жаштаева



Варитативтік компонент

Ортаңғы «Айгөлек» тобы

«Бәрін білгім келеді»

**(Балалардың қызығушылығына
арналған оқу қызметі)**

Тәрбиешілер: **М.Еспенбетова**
Ж.Сейдазимова.

2020/21 оқу жылы

«Бәрін білгім келеді» вариативтік компонент.

Кіріспе

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандарты талаптарына сәйкес мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық ойлау мәдениеті мен қиялын дамыту жұмыстарын жүргізуге байланысты «Айгөлек» ортаңғы тобына «Қатынас» саласы бойынша «МНЕМОТЕХНИКА» тәсілімен «Бәрін білгім келеді» тақырыбында адаптивтік бағдарлама алынды. Бағдарлама аптасына 1 рет жүргізіледі. 36 сағат берілген. Ондағы басты мақсат тіл дамыту, көркем әдебиет ұоқ ары қарай дамыту, байланыстырып оқыту мақсатында негізделді. Балалардың тіл дамыту мен көркем әдебиеттен алған білімдерін осы бағдарламада жалғастырып, ертегілердің, тақпақтардың, әңгімелердің маңызын, мазмұнын балаларға айтып, көрсету арқылы жүзеге асыру. Сондай-ақ балалардың көз қарасын, олардың қоршаған ортамен байланысын, дүние танымын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Тәрбиешімен бірлескен шығармашылық барысында қабілетті, мектепке дейінгі бала тұлғасын дамытуға мүмкіндік туады. Ұлы педагог А. Сухомлинский: «Скрипа ұстаған адам жамандық жасай алмайды» - дегенді жиі қайталаған. Олай болса, театр мен көркем өнер арқылы бала көкірегіне сондай скрипка ұялатып, оны ойната білу педагогтің басты міндеті болмақ.

Мақсаты:Сахналық қойылымдар, тәрбиелік мәнді әңгімелер, тақпақтар арқылы балалардың ойлау қабілетін дамыту

Міндеттері:

- 1.Ертегі мазмұнын сахналау арқылы 3-4 жастағы балалардың тіл байлығын жетілдіру;
- 2.Дауыс ырғағы арқылы кейіпкерлерінің мінез-құлықтарын көрсете білуге үйрету;
- 3.Әр-түрлі рөлдерге ойнай білу қызығушылығын дамыту;
- 4.Басқа балалармен ұжымдық қарым-қатынасқа түсу дағдыларын қалыптастыру;

5.3-4 жастағы балаларды сахна мәдениетіне тәрбиелеу.

Мазмұны:

- Бір-бірімен қарым-қатынасқа түсетін 2-3 рөлдік қойылымдарға қатысу
- Балалардың арман, қиялдарын дамытатын көріністер
- Көркемдік образдық бейнелеу құралдарын: екпін, ым, ишара, жүріс-тұрысты пайдалану
- Ертегілер мен әдеби шығармаларды сахналау

Қолданылған әдебиеттер

1. Аймағанбетова Қ. «Мен және бәрі, бәрі, бәрі», «Аруна» баспаса 2014 ж .
- 2.«Бала мен балабақша» Алматы. Педагогикалық журнал №7.2018ж
- 3.Елубаев.А.Е. «Балаларға базарлық» Алматы кітап 2011ж
- 4.Кежек Ысқақ «Сырымды айтма деп, шынымды айттым...» Алматы баспасы
- 5.Назарбаева.С.А. «Өзін - өзі тану»
- 6.Орынбаева.Ә.Т. «Сүйіктісі қырлы ертегілер»
- 7.Өтетілеуұлы Ермек «Әдептілік әдемілік»
- 8.«Сөйлеуді дамыту, Көркем әдебиет» пәндерін дөшағын орталық топтарына арналған дидактикалық материалдар.

«Бәрін білгім келеді» вариативтік компонент.

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны	Мерзімі
1	Театр әлемі	Балаларға театр сөзінің мағынасын түсіндіру. Сахна деген не? Кейіпкерлерді сахналау деген не? Сөйлеу мәнері, іс- қимылдар туралы түсінік беру.	1	01.09.2020ж
2	Театр әлеміне саяхат	Ертегідегі кейіпкерлерін жасау. Балалардың шығармашылығын дамыту. Әр затқа сипаттама беруге үйрету.	1	08.09.2020ж
3	Жақсы сөз жарым ырыс.	Балаларды жақсы істерге, жақсы сөздер айтуға, жақсылық жасай білуге тәрбиелеу. Өзара жақсы қарым- қатынас жасай білуге үйрету	1	15.09.2020ж
4	Достар ертегісі	Ертегі желісін мнемотехника тәсілі арқылы түсіндіру.Ертегіні сахналауды үйрету.	1	22.09.2020ж
5	Баланың айналасы	Балаларға ертегіні оқып, мазмұнын түсіндіру. Жақсылық пен жамандықты ажырата білуге үйрету. Берілген рольді қызығушылықпен орындау қабілеттерін жетілдіру.	1	28.09.2020ж
6	Екі лақ	Балаларды ертегі арқылы батылдыққа, тапқырлыққа, адамгершілікке тәрбиелеу. Ертегіні сахналай білуге үйрету	1	06.10.2020ж
7	Қуыршақтар	Балалармен өздерінің ойыншықтары, қуыршақтары туралы әңгімелесе отырып, балаларды әдептілікке, тазалыққа үйрету.	1	13.10.2020ж
8	Қайдан келдің бауырсақ	Балалардың нан туралы түсінік беру. Сурет бойынша ертегінің мазмұнын әңгімелеу. Нанды қадірлеуге тәрбиелеу. Балалның сөйлеу мәнерін қалыптастыру	1	20.10.2020ж
9	«Қайырымды қоян». (ертегі)	Ертегіні балаларға түсіндіре отырып, қайырымдылыққа, адалдыққа, мейірімділікке тәрбиелеу. Бала мен қоян арасындағы достықты үлгі ете отырып, достыққа адал болу қажеттігін түсіндіру.	1	27.10.2020ж
10	Адасқан құмырсқа	Таныс сюжеттер бойынша ертегілерді драмалауға үйрету.Достық қарым-қатынас және өзара көмек көрсету дағдыларын қалыптастыру..	1	03.11.2020ж
11	«Ойыншықтар» Н. Әлімқұлов.	Өлең жолдарын мнемокесте арқылы мәнерлеп оқып ,түсіндіру. Есте сақтауға үйрету.Кесте бойынша өлең жолдарын жаттау	1	10.11.2020ж
12	«Үш аю» ертегісі	Мнемотехника әдісі бойынша ертегі желісін графикалық суреттер көмегімен түсіндіру.	1	17.11.2020ж

		Балалардың кесте арқылы қайталап айтуын қадағалау.		
13	Жеті лақ.	Балалардың ой-өрісін дамыту үшін ертегі кейіпкерлерінің іс-қимылдарын, көрсете алуға үйрету.	1	24.11.2020ж
14	Екі сараң қонжық	: <i>Ертегінің мазмұны мен тақырыбының арасындағы байланысты көруге баулу. Ой - өрісін, ойлау қабілетін, тіл байлығын дамыту.</i>	1	8.12.2020ж
15	Онға дейін санай білетін лақ ертегісі.	Балаларды достыққа тәрбиелеу. Есте сақтау қабілет терін, диалогты сөйлеуге үйрету. Ертегіні рөлге бөліп ойнауға үйрету.	1	15.12.2020ж
16	«Қызыл телпек»	Кейіпкерлердің іс-әрекетін, дауыс ырғағын бере білуге үйрету. Өзін-өзі көрсете білуде жеке шығармашылық қабілеттерін танытуға тәрбиелеу.	1	22.12.2020ж
17	Қоянның үйі	Балалардың ой өрісін ертегі айту арқылы дамыту, байланыстырып сөйлеуді, тіл байлықтарын толықтыру. Ертегіні рөлге бөліп ойнауға үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	28.12.2020ж
18	Түлкі мен ешкі	Ертегі мазмұнын зейін қойып тыңдауға үйрету. Балалардың сөздік қорын молайту	1	05.01.2021ж
19	Мақтаншақ қоян.	Балаларды ертегі мазмұнын мәнерлеп айтуға және диалогты сөйлеуге үйрету. Ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін, қимыл - қозғалысын келтіріп ойнауға үйрету. Қолданылатын көрнекіліктер: АКТ, ертегі мазмұнын бейнелейтін суреттер	1	12.01.2021ж
20	«Қолғап» украин халық ертегісі.	Балаларға ертегі мазмұны туралы түсінік беру, ертегідегі кейіпкерлердің дауысын салуға үйрету.	1	19.01.2021ж
21	«Аяз ата сиқыры» ертегісі	Театрландырылған әрекеттің басқа жұмыс түрі: саусақ театры арқылы сахналауға үйрету. Есте сақтау қабілетін дамыту.	1	26.01.2021ж
22	«Дәрігер Айболит» ертегі.	Балаларды мейірімділікке, өзге адамдарға, жануарларға қамқорлық қатынасын білдіруге талаптан дыруды жалғастыру. Жануарларға қамқорлыққа тәрбиелеу.	1	02.02.2021ж
23	«Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісі	Таныс сюжеттер бойынша ертегілерді драмалауға үйрету. Ертегі желісін ретімен орындауды жетілдіру. Дұрыс қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу.	1	09.02.2021ж

24	«Қияр мен капуста» ертегісі	Таныс сюжеттер бойынша ертегілерді драмалауға үйрету.Барлық дыбыстарды анық және әртүрлі қарқында дыбыстауға жаттықтыру.	1	16.02.2021ж
25	«Бидай мен қанбақ» А.Тоқмағанбетов	Өлеңді мәнерлеп оқи отырып, қазақ халқының ежелден келе жатқан кәсіби егін өсіру туралы мағлұмат беру.	1	23.02.2021ж
26	«Қайырымды бала» Б.Данабеков	Қайырымдылық, имандылық туралы түсінік беру,балалардың бойына рухани адамгершілік қасиет терді ұялату. Өз халқының салт дәстүрінде негізделген адамдық асыл қасиеттерді ажырата біліп игеруге баулу.Қайырымды болуға тәрбиелеу.	1	02.03.2021ж
27	«Арыстан мен тышқан» (латыш ертегісі)	«Арыстан мен тышқан» ертегісінің мазмұнымен таныстыру, ертегіні оқып беру, тіл байлықтарын молайту, қызығушылықтарын арттыру, ойлау қабілеттерін дамыту. Арыстан мен тышқанның айырмашылығын айту.	1	09.03.2021ж
28	«Қияр мен капуста» ертегісі	Таныс сюжеттер бойынша ертегілерді драмалауға үйрету.Барлық дыбыстарды анық және әртүрлі қарқында дыбыстауға жаттықтыру.	1	16.03.2021ж
29	Гүл туралы аңыз. Мнемотехника тәсілімен	Ертегінің мазмұнымен , кейіпкерлерімен таныстыру, ертегіні тыңдауға, ертегі бойынша сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру.	1	30.03.2021ж
30	Қайдан келдің бауырсақ	Графикалық сурет бойынша ертегінің мазмұнын мнемотехника тәсілі арқылы айта отырып, өлең жолдарын жаттау. Баланың сөйлеу мәнерін қалыптастыру	1	06.04.2021ж
31	Тақпақ айта білемін Мнемотехника тәсілі	Балалардың жаттаған тақпақтарын мнемотехника тәсілімен қайталап тексеру.	1	13.04.2021ж
32	Еңбек , бәрін жеңбек.	Балаларға еңбек туралы мақал-мәтелдер үйрету. Мақал- мәтелді мнемотехника тәсілі арқылы жаттау.	1	20.04.2021ж
33	Біз бақытты баламыз	Бақыт, қуаныш,сүйіспеншілік құндылықтарының мағынасын түсіндіру. Балалардың дүниетан-ымын, ой-өрісін дамыту.	1	27.04.2021ж
34	Орман дәрігері.Ертегі.	Балаларға ертегі желісін түсіндіре отырып, ағаштардың адам өміріне тигізетін пайдасын түсіндіру. Ертегідегі құстардың ақылдылығын айта отырып, баланы адал, ақылды, қайырымды болуға, табиғатты аялай білуге тәрбиелеу.	1	04.05.2021ж

35	«Нан қайдан шығады?»	Балаларға ертегі желісін түсіндіре отырып, бидайдан нан шығатыны жайында, нан дастарханға жеткенше қаншама еңбек жасалатынын түсіндіру. Үлкендердің еңбегін құрметтеп, нанды ысырап етпеуге, бағалай білуге тәрбиелеу.. Күзгі еңбек түрлерін атау.	1	11.05.2021ж
36	Ертегі еліне саяхат.	Айналадағы заттардың көлемін, формасын тікелей бақылата отырып меңгерту, логикалық ойындар. Өздігімен жұмыс істеуге машықтандыру, ойнау қабілетін, байқампаздығын, сабаққа қызығушылығын дамыту, өздігінен талдау жасауға үйрету.	1	18.05.2021ж
37	Ертегі еліне саяхат. (қайталау)	Айналадағы заттардың көлемін, формасын тікелей бақылата отырып меңгерту, логикалық ойындар. Өздігімен жұмыс істеуге машықтандыру, ойнау қабілетін, байқампаздығын, сабаққа қызығушылығын дамыту, өздігінен талдау жасауға үйрету.	1	25.05.2021ж

1. Бәрін білгім келеді (В)

Мерзімі:01.09.2020ж

Тақырыбы:Театр әлемі

Мақсаты: Балаларға театр сөзінің мағынасын түсіндіру. Сахна деген не? Кейіпкерлерді сахналау деген не? Сөйлеу мәнері, іс- қимылдар туралы түсінік беру.

Оқу қызметінің барысы:

Шаттық шеңбер

Е.Өтетілеуұлы

1. Театр туралы түсінік беру.

Театр дегеніміз не?

Театр түрлерімен таныстыру.

Онда жұмыс жасайтын адамдарды кімдер дейміз?

Олар не істейді?

2.Сурет бойынша әңгіме.

Сұрақ – жауап.

3. Бет перделермен таныстыру.

Олардың қызметі туралы түсіндіру.

Саусақ театрымен таныстыру.

Қолға кигізіп, сөйлеу мәнерін үйрету.

Сергіту сәті.

«Театр» ойынымен аяқтау.

Әр түрлі бет перделер киіп қимылдар көрсету.

Мерзімі: 08.09.2020ж

Тақырыбы: Театр әлеміне саяхат

Мақсаты: Ертегідегі кейіпкерлерін жасау. Балалардың шығармашылығын дамыту. Әр затқа сипаттама беруге үйрету.

Оқу қызметінің барысы:

Шаттық шеңбері.

Дид.ойын: «Кім тапқыр?»

Жұмбақ жасыру.

Орманнан жалпақ даладан

Бал іздеп бір аң жортады

Кін – кішкентай арадан,

Үлкен болып қорқады. (аю)

Бұлаңдаған құйрығы,

Бір айдарлық қулығы (түлкі)

Көзін жұмады,

Көзін ашады

Сыбысын білдірмей,

Ақырын басады (мысық)

Сұрақ-жауап

Бұларды бір сөзбен не дейміз?

Қандай ертегі кейіпкерлері?

Ертегі туралы түсінік беру.

Қандай ертегілер білеміз?

Ертегіні не үшін тыңдаймыз, онан не үйренеміз?

Кейіпкерлер дегеніміз не?

2.Ертегі кейіпкерлерін жасау.

Жағымды жағымсыз кейіпкерлерді ажырата білу.

Жасаған кейіпкерлерге сипаттама беру.

3.Саусақ театрының кейіпкерлері.

Театр кейіпкерлерін саусаққа кейіп әңгімелесу.

Сөз қорларын дамыту.

Дид.ойын: «Бұл қандай ертегі?»

Балаларды мадақтау

Мерзімі: 15.09.2020ж

Тақырыбы: Жақсы сөз жарым ырыс.

Мақсаты: Балаларды жақсы істерге, жақсы сөздер айтуға, жақсылық жасай білуге тәрбиелеу.
Өзара жақсы қарым- қатынас жасай білуге үйрету.

Оқу қызметінің барысы:

Шаттық шеңбері.

1. Қызығушылықты ояту.

Өлең оқу.

Автор. Ә.Дүйсенбиев

Ой қозғау

Сұрақ-жауап

Өлең не туралы айтылған?

Қандай әсер алдыңдар?

Жақсы мен жаман туралы не айтылған?

Жақсылық пен жамандық туралы түсінік беру.

2Ой дамыту

.Сурет бойынша әңгіме.

Сұрақ – жауап.

1.Жақсы бала қандай болады?

2.Сендер қандай әдепті сөздер білесіңдер?

3.Ақылды, әдепті балалар қандай болу керек?

4.Ал жамандық туралы ше?

Біз ертегілерден жамандықпен жақсылықты ажырата аламызба?

Жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді қалай айырамыз?

Сергіту сәті.

3. Мақал-мәтелдер айтып мағынасын түсіндіру.

Дид.ойын: «Кім тапқыр?»

Балаларды бағалау

Мерзімі: 22.09.2020ж

Тақырыбы: Достар ертегісі

Мақсаты:

ертегі желісін мнемотехника тәсілі арқылы түсіндіру.

Ертегіні сахналауды үйрету.

Оқу қызметінің барысы:

Шаттық шеңбер

«Менің көмекишілерім»

Мынау менің жүрегім,

Бәрі осында басталған

Мынау басым ақылды,

Барлық істі бастаған.

Мынау менің оң қолым,

Мынау менің сол қолым

Барлық істі атқарған.

Қызығушылықтарын ояту.

Жұмбақ жасыру

Сұрақ-жауап

Бұлардың бәрі қандай жануарлар?

Қайда өмір сүреді?

1. Үйшік ертегісі туралы түсінік беру.

Ой қозғау. Мнемокесте әдісі

Сұрақ-жауап.

Үйшікті не тауап алады?

